

ҚОСЫЛУ ШАРТЫ

«mycar.kz» мобильді қосымшасын және <https://mycar.kz> сайты пайдалануға

Алматы қ.

№6 редакция, «__» _____ 2026 ж.

«mycar.kz» мобильді қосымшасын және <https://mycar.kz> сайты пайдалануға арналған осы Қосылу шарты (бұдан әрі – Шарт) Серіктестер мен MyCar – «MyCar Group» ЖШС арасындағы, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатын қатынастарды реттейді. Осы Шарттың талаптары стандартты нысанда белгіленген.

Серіктес осы Шартқа №7 қосымшаның нысаны бойынша жасалған, тиісінше ресімделген Шартқа қосылу туралы Өтінішті (бұдан әрі – «Өтініш») MyCar-ға жолдау арқылы Шартқа қосылады. Бұл ретте Өтініш пен Шарт тек бірыңғай құжат ретінде қаралады.

Серіктестің, оның өкілінің (өкілдерінің) Өтінішке қойған қолы Серіктестің MyCar ұсынған Шарттың талаптарымен, оның ішінде Шартқа қосымшалармен танысқанын және оларды тек https://mycar.kz/accession_agreement.pdf электрондық мекенжайы бойынша орналастырылған Шартқа тұтастай қосылу арқылы қабылдайтынын білдіреді. Шарт Серіктес/оның өкілі қол қойған Серіктестің Өтінішін MyCar қабылдаған күннен бастап жасалды деп есептеледі және күшіне енеді.

Өтінішті қабылдау фактісі болып Серіктестің Өтінішінде көрсетілген электрондық поштаға жолданған Өтінішті қабылдау туралы хабарлама танылады.

Осы Шарт MyCar мен Серіктес арасында Шартта, Қосымшаларда және Өтініште айқындалған көлемде Тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және өзге де құқықтық қатынастарын белгілейді.

1. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕР

Осы Шартта мынадай негізгі терминдер қолданылады, олар төменде келтірілген анықтамаларға сәйкес түсіндіріледі:

Шарт	Осы Шарт оған барлық Қосымшалармен және толықтырулармен бірге.
Өтініш	Осы Шартқа №7 қосымшаның нысаны бойынша Шартқа қосылу туралы өтініш. Серіктес қол қойған Өтініш Серіктестің Шартқа қосылуын растайтын құжат болып табылады және Серіктестің MyCar-мен өзара іс-қимылы кезінде оның ажырамас бөлігі болып табылады.
MyCar	«MyCar Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және әрекет ететін, https://mycar.kz Сайтының және mycar.kz Мобильді қосымшасының иесі болып табылатын заңды тұлға.
Серіктес	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және әрекет ететін, Өтінішті жолдау арқылы Шартқа қосылған заңды тұлға.
Серіктестің қызметкері	Серіктестің атынан MyCar-мен айқындалған рөлге сәйкес Жеке кабинетті пайдалану арқылы Пайдаланушы ретінде өзара іс-қимыл жасайтын Серіктестің жауапты қызметкері. Серіктестің қызметкеріне Пайдаланушы келісімінің, Құпиялылық саясатының және Сайтты, Мобильді қосымшаны және Сервистерді пайдалану талаптарын реттейтін өзге де құжаттардың барлық ережелері қолданылады. Серіктес қызметкерінің Сайттағы/Мобильді қосымшадағы әрекеттері Серіктестің әрекеттері ретінде бағаланады.
Пайдаланушы	18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматы болып

	табылатын, https://mycar.kz Сайтында және (немесе) mycar.kz Мобильді қосымшасында Тіркеу рәсімінен өткен және/немесе Сайтта орналастырылған кез келген ақпаратты пайдаланатын әрекетке қабілетті жеке тұлға. Пайдаланушы деп сондай-ақ басқару интерфейсі арқылы Сайтпен және/немесе Мобильді қосымшамен өзара іс-қимыл жасайтын түпкі пайдаланушы да түсініледі.
Пайдаланушы рөлі (рөл)	Сервистерді пайдалану кезінде орындайтын функцияларын негізге ала отырып, Пайдаланушыларға – Серіктес қызметкерлеріне берілетін реттелетін рұқсаттар (құқықтар) жиынтығы. Рөлдер саны мен әрбір рөл үшін берілетін құқықтар көлемін MyCar белгілейді.
Мобильді қосымша	Бағдарламалық қамтамасыз ету – Пайдаланушылардың iOS және Android мобильді құрылғыларында жұмыс істеуге арналған «mycar.kz» Мобильді қосымшасы, оны Пайдаланушы түрлі бағдарламалық платформалардың көмегімен осындай құрылғыларға орнатады немесе жүктейді, онда Серіктестің Жеке кабинеті құрылады және ол Серіктеске MyCar-мен және/немесе Сатып алушымен, Клиентпен, сатушымен өзара іс-қимыл жасауға, Сервистерді пайдалануға, Сайтта/Мобильді қосымшада ұсынылатын өзге де функцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.
Сайт	Интернет желісіне қосылған түрлі пайдаланушы құрылғыларынан веб-беттерді қарауға арналған арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету (браузер) арқылы https://mycar.kz мекенжайы бойынша (осы мекенжайларға қатысты келесі деңгейдегі домендерді қоса алғанда) қолжетімділік қамтамасыз етілетін, цифрлық жүйеде қамтылған ақпарат пен зияткерлік меншік объектілерінің (оның ішінде ЭЕМ-ге арналған бағдарлама, деректер базасы, интерфейстің графикалық безендірілуі (дизайн) және т.б.) жиынтығы, онда Серіктестің Жеке кабинеті құрылады және ол Серіктеске MyCar-мен және/немесе Сатып алушымен, Сатушымен, Клиентпен өзара іс-қимыл жасауға, Сервистерді пайдалануға, Сайтта/Мобильді қосымшада ұсынылатын өзге де функцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.
Сервистер	Тиісті Қосымшаларға қол қойылғаннан кейін Серіктеске қолжетімді функционалдық мүмкіндіктерді, қызметтерді, көрсетілетін қызметтерді, құралдарды білдіретін Сайттың/Мобильді қосымшаның құрамдас бөліктері.
«Гараж» Сервисі	Серіктестің Клиенттердің/Сатып алушылардың автокөлік құралдарына техникалық қолдау, жөндеу, жуу және/немесе зарядтау қызметтерін көрсетуі шеңберінде Серіктестің Клиенттермен/Сатып алушылармен өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін Сайттың/Мобильді қосымшаның функционалдық мүмкіндігі. «Гараж» Сервисін пайдалану талаптары Шартқа №3 қосымшада көрсетілген.
«Сатуды цифрландыру» Сервисі	Серіктеске «онлайн» форматта сатып алу-сату шартына қол қою, сондай-ақ Сайтты/Мобильді қосымшаны пайдалана отырып Тауар акысын төлеу арқылы Тауарды сату процесін жеңілдетуге

	мүмкіндік беретін Мобильді қосымшаның/Сайттың функционалдық мүмкіндігі. «Сатуды цифрландыру» Сервисін пайдалану талаптары Шартқа №4 қосымшада көрсетілген.
«Адалдық» Сервисі	Серіктеске Сатып алушының Серіктеспен мәміле жасауы кезінде Серіктестің адалдық бағдарламасының қағидаларына сәйкес Сатып алушыға есептелген/шығыс жазылған бонустар санын көрсету құқығын беретін Сайттың/Мобильді қосымшаның функционалдық опциясы. «Адалдық» Сервисін пайдалану талаптары Шартқа №5 қосымшада көрсетілген.
«Жаңа авто маркетплейсі» Сервисі	Серіктеске жаңа автомобильдерді онлайн режимде сату құқығын беретін Сайттың/Мобильді қосымшаның функционалдық опциясы. Бұл Сервисті пайдалану талаптары Шартқа №6 қосымшада көрсетілген.
Серіктестің Жеке кабинеті	Авторизациядан кейін Серіктеске (Серіктестің қызметкерлеріне) қолжетімді, Серіктеске өзі таңдаған Сервистерді пайдаланудың техникалық мүмкіндігін беретін Серіктестің Сайттағы және Мобильді қосымшадағы беті. Жеке кабинет Сервистерді пайдаланатын Серіктестің бір немесе бірнеше қызметкері үшін құрылуы мүмкін. Жеке кабинеттердің саны мен Пайдаланушылар болатын Серіктес қызметкерлерінің деректерін Серіктес айқындайды.
Есептік деректер	Пайдаланушының (Серіктес қызметкерінің) логині мен паролі, олар Шартқа қол қойылғаннан кейін Серіктеске (Серіктестің қызметкерлеріне) беріледі және авторизация мен кейіннен Жеке кабинетке кіру үшін қажет.
Лицензия	Осы Шарт шеңберінде Серіктеске берілетін Сервисті (Сервистерді) пайдалануға арналған айрықша емес мерзімді лицензия. Әрбір Сервиске қатысты Серіктеске берілетін құқықтардың көлемі Шартқа қосымшаларда айқындалады.
Жедел желі	MyCar-дың Серіктеске цифрлық және техникалық қолдау көрсетуі, оған келіп түсетін барлық өтініштерді өңдеу және Серіктесті хабардар ету кіреді, ол мынадай телефон нөмірі бойынша қолжетімді: 2525.
Байланыс орталығы	Жедел желі қызметін көрсетуді жүзеге асыратын, мынадай телефон нөмірі бойынша қолжетімді MyCar бөлімшесі: 2525.
MyCar электрондық поштасы (MyCar поштасы)	MyCar электрондық поштасы: info@mycar.kz.
Тауар	Көлік құралдары, көлік құралдарына арналған, ҚР заңнамасының нормаларына сәйкес келетін қосалқы бөлшектер, көлік құралдарына техникалық, сервистік, өзге де қызмет көрсету бойынша қызметтер мен жұмыстар.
Хабарландыру	Сайтта/Мобильді қосымшада орналастырылатын, тұлғалардың белгісіз тобына арналған, Тауарды сату туралы ұсынысы бар цифрлық хабарлама (байланыс ақпаратын, фотосуреттерді және кез келген ілесіп ақпаратты қоса алғанда).

Сатып алушы	Серіктеспен сатып алушы ретінде Тауарды сатып алу-сату мәмілесін жасайтын немесе жасау ниеті бар, Сайтты және/немесе Мобильді қосымшаны пайдалану арқылы Серіктеспен өзара іс-қимыл жасайтын Пайдаланушы.
Сатушы	Сайтта/Мобильді қосымшада өзіне жеке меншік құқығымен тиесілі Тауарды сату жөнінде мәміле жасау туралы ұсынысы бар Хабарландыруды орналастыратын және белгіленген тәртіппен Пайдаланушы ретінде тіркелген жеке тұлға – Пайдаланушы. Сатушыға осы Пайдаланушы келісімінің барлық қағидалары қолданылады.
Серіктестің Клиенті (Клиент)	Серіктестің сауда нүктесінде Серіктеспен Тауарды сатып алу-сату мәмілесін жасаған, Мобильді қосымшада/Сайтта Пайдаланушы ретінде тіркелмеген Сатып алушы.
Пайдаланушының Жеке кабинеті	Пайдаланушының (Сатып алушының/Сатушының) Сайттағы және Мобильді қосымшадағы жеке беті.
Пайдаланушыны биометриялық сәйкестендіру	Лицензиардың серіктесі жүзеге асыратын, биометриялық үлгінің тірі адамнан алынғанын анықтау мақсатында Пайдаланушының анатомиялық сипаттамаларын, еріксіз немесе ерікті реакцияларын өлшеу мен талдауды қамтитын, сондай-ақ Пайдаланушының жеке басын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін шаралар кешені.
ЭЦҚ	Электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігі мен мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық таңбалар жиынтығы.
Бұлттық ЭЦҚ	Электрондық құжаттарды куәландыруға арналған бағдарламалық құрал.
Куәландырушы орталық	МуСаг-дың серіктесі болып табылатын және ЭЦҚ ашық кілтінің ЭЦҚ жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растайтын заңды тұлға.
Төлем ұйымы	МуСаг-дың серіктесі – цифрлық технологиялар мен электрондық құралдарға негізделген төлем жүйелері арқылы үшінші тұлғалардың пайдасына тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер мен есеп айырысуларды қабылдау және жүргізу қызметтерін көрсететін заңды тұлға.
Қаржы ұйымы	МуСаг-дың серіктесі болып табылатын, банк қызметін не банк қызметінің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, Сатып алушыға/Клиентке Серіктестен Тауар сатып алуға кредит беретін заңды тұлға.
Сақтандыру ұйымы	МуСаг-дың серіктесі болып табылатын, уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру шарттарын жасау және орындау бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.
1С	«1С: Кәсіпорын» кәсіпорындарды автоматтандыруға арналған өнім.
Бағдарламалық фискализатор	«Просистемы» ЖШС-ға тиесілі, чектерді фискализациялауды және оларды ФДО серверіне беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін «Онлайн-касса «Бағдарламалық фискализатор 3.0.1» бағдарламалық өнімі.

ФДО	Фискалдық деректер операторы.
CRM AM	Клиенттермен барлық коммуникация арналарын бақылауға және сатуды автоматтандыруға көмектесетін, https://crm.astana-motors.kz/ мекенжайы бойынша орналастырылған және «bpm online» бағдарламалық өнімінің құрамдас бөлігі болып табылатын жүйе.
mysar.pro	Дилерлік орталықты басқаруға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету.
DMS	Жаңа автомобильдердің қорын, сатылымын және бизнес-процестердің аналитикасын басқару жүйесі.
MyCredit	Лицензиаттың Қаржы ұйымдарымен және Сақтандыру ұйымдарымен коммуникация жасауына және құжаттама алмасуына мүмкіндік беретін бағдарламалық өнім.
Серіктестің БҚ-сы	1С, mysar.pro, CRM AM, DMS, MyCredit және Серіктестің өз шаруашылық қызметін жүзеге асыру үшін пайдаланатын өзге де бағдарламалық қамтамасыз ету, оның ішінде Төлем ұйымының бағдарламалық өніміндегі және Бағдарламалық фискализатордағы Серіктестің жеке кабинеттері.
Пайдаланушы келісімі	Пайдаланушы келісімі, сондай-ақ Сайттың/Мобильді қосымшаның жұмысын реттейтін немесе Сервистерді пайдалану тәртібін айқындайтын, Сайтта/Мобильді қосымшада жарияланған өзге де қағидалар мен құжаттар.
Құпиялылық саясаты	Сайттың Сервистеріне қолжетімділік беру үшін Пайдаланушы туралы ақпаратты, оның ішінде дербес деректерді алудың, өңдеудің және сақтаудың мақсаттарын, тәсілдері мен тәртібін реттейтін, Сайтта және Мобильді қосымшада орналастырылған құжат.
Түсіндіру	Осы Шартта: – егер мәнмәтін өзгеше талап етпесе, жекеше түрді білдіретін терминдер көпше түрді және керісінше қамтиды; – белгілі бір тармақшаға, тармаққа, бөлімге, қосымшаға сілтеме осы Шарттың осындай көрсетілген тармақшасына, тармағына, бөліміне немесе қосымшасына сілтеме ретінде түсіндіріледі; – тақырыптар тек сілтеме жасау ыңғайлылығы үшін енгізілген және осы Шартты түсіндіруге әсер етпейді; – «заңнамаға» кез келген сілтеме «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңында айқындалғандай, Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтемені білдіреді.

2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 2.1. Осы Шартқа және оған Қосымшаларға сәйкес MyCar Серіктеске Сервистерді пайдалануға арналған Лицензиялар береді, ал Серіктес Лицензияларды қабылдайды және оларды Шартта белгіленген тәртіппен төлейді.
- 2.2. Осы Шарт Серіктестерге осы Шартта және Өтініште айқындалған талаптарда Шарт жасасу үшін MyCar-ға Өтініш жолдау арқылы Шарттың талаптарына қосылу туралы ұсыныс болып табылады.
- 2.3. Шартқа қосылу туралы Өтініш MyCar-ға Серіктестің уәкілетті өкілінің қолы қойылған, Серіктестің мөрімен расталған қағаз жеткізгіште мынадай мекенжай бойынша жолдануға тиіс: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 263, mysar офисі; Өтінішке Серіктес өзінің құрылтай құжаттарының көшірмелерін қоса береді.

- 2.4. Өтінішті жолдау Серіктестің Шартқа қосылу ниеті, Серіктестің осы Шарттың барлық талаптарын ешбір өзгеріссіз және/немесе шектеусіз толық әрі сөзсіз қабылдауы болып табылады және екіжақты жазбаша Шарт жасасуға тең (ҚР АҚ-нің 389-бабы).
- 2.5. MyCar тиісінше толтырылған Өтінішті және Серіктестің құрылтай құжаттарының көшірмелерін алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Серіктестің Өтінішінде көрсетілген электрондық поштасына Өтінішті қабылдау туралы хабарлама жолдайды.
- 2.6. MyCar-дан Өтінішті қабылдау туралы хабарлама алғаннан кейін Серіктес MyCar электрондық поштасына Өтініште Серіктес таңдаған Сервистерге қолжетімділік беру қажет қызметкерлерінің деректерін (Серіктес қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы және тиісті рөлі, электрондық пошта мекенжайы, қолжетімділік беру қажет Сервисті көрсету) жолдайды. Бұл ретте Серіктес өз қызметкерлерінен олардың дербес деректерін осы Шарт шеңберінде MyCar-ға беруге жазбаша келісім алғанына кепілдік береді. Берілген деректер Өтініштің (қосымша Өтініштің) толықтырмасы және құрамдас бөлігі болып табылады.
- 2.7. MyCar Шартқа әрбір Қосымша шеңберінде интеграциялық жұмыстар аяқталғаннан кейін Серіктестің Жеке кабинетін (Серіктестің Жеке кабинеттерін) құру және есептік деректерді (логин/пароль) беру арқылы Серіктеске Сайтқа/Мобильді қосымшаға қолжетімділік береді.
- 2.8. Серіктес MyCar-дан алған Есептік деректерінің сақталуын қамтамасыз етуге және оларды кез келген үшінші тұлғаларға бермеуге, сондай-ақ өз қызметкерлерін олар алған Есептік деректердің сақталуын қамтамасыз етуге міндеттеуге міндеттенеді.
- 2.9. Тараптардың Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері Шарт күшіне енген сәттен бастап туындайды. Шарт Серіктеске Шартқа сәтті қосылу туралы хабарлама берілген сәттен бастап күшіне енеді.
- 2.10. MyCar Серіктестің Өтінішін немесе құрылтай құжаттарының көшірмелерін алмаған жағдайда не дұрыс толтырылмаған Өтінішті алған жағдайда, немесе Серіктес Шарттың және/немесе ҚР заңнамасының ережелерін сақтамаған жағдайда Серіктеспен Шарт жасасудан бас тартуға құқылы.
- 2.11. Осы Шартты орындау тәртібі Шартпен, оған Қосымшалармен және Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

3. ЛИЦЕНЗИЯЛАРДЫ БЕРУ ТӘРТІБІ

- 3.1. Лицензиялардың көлемі, қолжетімділік берілетін Сервистердің тізбесі Серіктестің Өтінішінде және Шартқа тиісті Қосымшаларда айқындалады.
- 3.2. Лицензиялар Серіктеске (Серіктестің қызметкерлеріне) тиісті Сервиске (Сервистерге) қолжетімділік беру арқылы беріледі.
- 3.3. Серіктес таңдаған Сервистерге қолжетімділік беру Серіктестің қызметкерлері үшін белгілі бір құқықтар көлемімен Жеке кабинет (Жеке кабинеттер) құру арқылы, не Серіктесте Серіктестің Жеке кабинеті бұрыннан бар болса – Серіктеске өзі таңдаған сол немесе өзге Сервисті пайдалануға мүмкіндік беретін қажетті техникалық функционалдылықпен Серіктестің Жеке кабинетін толықтыру арқылы жүзеге асырылады.

Серіктестің Жеке кабинеті Серіктес таңдаған Сервистерге және Пайдаланушы болып табылатын әрбір қызметкері үшін Серіктес айқындаған рөлдерге байланысты Серіктеске бір Сервисті де, сол сияқты бір мезгілде бірнеше Сервисті де пайдалану құқығын беруі мүмкін.

Жеке кабинет құрылғаннан кейін Серіктесте өзге Сервистерді пайдалану қажеттілігі туындаған жағдайда, мұндай Сервистерді пайдалануға арналған Лицензияларды беру Серіктестің Жеке кабинетіне (Жеке кабинеттеріне) тиісті функцияларды қосу арқылы жүзеге асырылады.

Қосымша Жеке кабинеттер құру және/немесе қосымша Лицензиялар беру қажеттілігі туындаған жағдайда Серіктес MyCar-ға жаңа редакциядағы Өтініш жолдайды.

Серіктестің жаңа редакциядағы Өтініштері және Сервистерге қолжетімділік қажет Серіктес қызметкерлерінің деректері Серіктес жолдайды және MyCar Шартқа қосылу туралы бастапқы Өтініштегі талаптарда қабылдайды. Бұл ретте Өтініштің жаңа редакциясы Серіктес бұрын жолдаған Өтінішті ауыстырады, MyCar Серіктестің Өтінішінің жаңа редакциясын алған сәттен бастап Өтініштің бұрынғы редакциясы заңды күшін жоғалтады.

- 3.4. Жаңа редакциядағы Өтініште Шарттың 2.6-тармағында айқындалған мәліметтерден басқа Серіктес қосымша Сервистердің атауын, Лицензиялардың көлемін, рөлдердің атауын және өзге де

мәліметтерді көрсетеді, не Серіктес пайдаланатын Лицензиялардың көлемін азайтады/пайдаланылатын Сервистер санын қысқартады.

3.5. Жеке кабинетті (Жеке кабинеттерді) құру аяқталғаннан кейін MyCar Серіктеске (Серіктестің қызметкерлеріне) есептік деректерді (логин/пароль) электрондық пошта арқылы жолдау жолымен береді.

3.6. Лицензияларды пайдалану аумағы – ҚР аумағы. Егер Қосымшада өзгеше белгіленбесе, Лицензиялар Серіктес оларды төлеу жөніндегі міндеттемелерді тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың қолданылу мерзіміне тең мерзімге беріледі.

Сервистерді пайдалану шеңберінде алынған дербес деректерді, сондай-ақ шектеулі қолжетімділіктегі өзге де ақпаратты сақтау және өңдеу Қазақстан Республикасының деректерді локализациялау туралы заңнамасының талаптарын, оның ішінде серверлік жабдықтың және деректерді өңдеу орталықтарының орналасқан жеріне қойылатын талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

3.7. Сервисті пайдалану MyCar-дың Мобильді қосымшасын/Сайтын/ІТ-инфрақұрылымының өзге де объектілерін Серіктестің бағдарламалық-аппараттық кешенімен интеграциялаусыз мүмкін болмаған жағдайда, Серіктес Сервистердің тиісінше жұмысын қамтамасыз ету мақсатында MyCar-ға Серіктестің БҚ-сына және өзінің бағдарламалық-аппараттық кешеніне барлық қажетті қолжетімділікті беруге, сондай-ақ MyCar-ға көрсетілген интеграцияны жүзеге асыру мен өзара іс-қимыл параметрлерін баптау үшін қажетті құжаттама мен құралдарды беруге міндеттенеді.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Серіктес құқылы:

4.1.1. Лицензияларды өзіне қажетті мөлшерде сатып алуға.

4.1.2. Әр рөлдегі Лицензиялар санын дербес айқындауға және қажет болған жағдайда сол немесе өзге рөлдермен Лицензиялар сатып алуға, рөлдерді өзгертуге және т.б. өтінімдер беруге.

4.1.3. Таңдалған Сервистерді Шартқа Қосымшаларда айқындалған талаптарда пайдалануға.

4.1.4. Жедел желі қызметтерін Шартта көзделген көлемде алуға.

4.1.5. Техникалық қолдау алуға өтінімдерді MyCar электрондық поштасына жолдауға.

4.1.6. Серіктес үшін Қосымшаларда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

4.2. Серіктес міндеттенеді:

4.2.1. Серіктес қызметкерлерін Сервистерді пайдалану талаптарын реттейтін Шарттың және оған Қосымшалардың ережелерімен, Пайдаланушы келісімімен, Құпиялылық саясатымен және Сервистерді тиісінше пайдалану үшін қажетті өзге де құжаттармен таныстыруды қамтамасыз етуге, оның ішінде Сайтта/Мобильді қосымшада жарияланатын көрсетілген құжаттардың өзгерістерін қадағалауды;

4.2.2. Серіктес қызметкерлерінің Сервистерді пайдалану талаптарын реттейтін тиісті Қосымшалардың ережелерін, Пайдаланушы келісімін, Құпиялылық саясатын және Сервистерді тиісінше пайдалану үшін қажетті өзге де құжаттарды сақтауын қамтамасыз етуге;

4.2.3. Шартқа қосылған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде MyCar-ға Серіктестің тауар белгісін және фирмалық атауын, брендтерін көрсететін логотипін jpeg немесе pdf форматында материалдық жеткізгіште немесе оны MyCar поштасына жолдау арқылы Серіктесті белгілеу мақсатында, сондай-ақ маркетингтік мақсаттарда – Пайдаланушыларды тарту шеңберінде MyCar-дың оны Сайтта және Мобильді қосымшада орналастыруы үшін беруге;

4.2.4. Тауарларды Сайт және/немесе Мобильді қосымша арқылы сату/айырбастау/қайтару кезінде барлық Сатып алушылардың/Клиенттердің тұтынушылар ретіндегі, ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген құқықтарының сақталуын Тауарды әдеттегі талаптарда сатып алатын (сататын/айырбастайтын) тұтынушыларға қарағанда кем емес көлемде қамтамасыз етуге;

4.2.5. Сервистер арқылы Тауарларды сату жағдайында электрондық сауданы жүзеге асыру кезінде «Сауда қызметін реттеу туралы» ҚР Заңында белгіленген, сатушыға қойылатын талаптарды қатаң сақтауға;

4.2.6. Басқа Серіктестерге/Сатушыларға қатысты құқыққа сыйымсыз артықшылықтарға қол жеткізуге немесе оларды ұсынуға бағытталған, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын бұзатын жосықсыз бәсекелестік әрекеттерін жасамауға;

- 4.2.7. Ақпаратты берудің жылдамдығы мен қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтай отырып, Серіктес қызметкерлеріне интернет желісіне және Сервистермен/Сайтпен/Мобильді қосымшамен өзара іс-қимыл жасайтын барлық компьютерлік техникаға қолжетімділікті өз есебінен қамтамасыз етуге;
- 4.2.8. Серіктес қызметкерлерінің Сервистерді пайдалану шеңберінде әрекеттер жасау кезінде Пайдаланушы келісімін, Құпиялылық саясатын, MyCar ұсынатын цифрлық және нұсқаулық материалдарды орындауын бақылауға;
- 4.2.9. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау шеңберінде MyCar-дың іскерлік беделіне нұқсан келтіретін әрекеттердің (оның ішінде Серіктес қызметкерлерінің) жасалуына жол бермеуге;
- 4.2.10. Клиенттің/Сатып алушының Серіктеске кез келген тәсілмен жүгінген сәтінен бастап Сатып алушымен/Клиентпен мәміле аяқталғанға дейін онымен коммуникацияны дербес жүзеге асыруға, Сатып алушыны/Клиентті Серіктестің қызметтерді тиісінше көрсетуі үшін қажетті барлық рәсімдермен және құжаттармен уақтылы әрі толық көлемде таныстыруға;
- 4.2.11. Сатып алушылармен, Клиенттермен коммуникация жасау кезінде Серіктес қызметкерлерінің іскерлік әдеп қағидаларын, моральдық-этикалық нормаларды сақтауын, сыпайы әрі дұрыс қарым-қатынасты қамтамасыз етуге;
- 4.2.12. Сатып алушылар мен Клиенттерден олардың дербес деректерін жинауға, өңдеуге және беруге, оның ішінде мұндай Пайдаланушылардың дербес деректерін MyCar-ға беруге «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес, оның ішінде мұндай келісімнің мазмұнының көрсетілген Заңның 8-бабының талаптарына толық көлемде сәйкестігін қамтамасыз ете отырып (дербес деректер субъектісінің тегін, атын, әкесінің атын, келісімнің қолданылу мерзімін, үшінші тұлғаларға беру және трансшекаралық беру туралы мәліметтерді қоса, бірақ онымен шектелмей) жазбаша келісімді дербес алуға. Дербес деректерді қорғау бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданыстағы талаптарына сәйкес келетін шараларды, оның ішінде шектеулі қолжетімділіктегі дербес деректерді сақтау мен беру кезіндегі ақпаратты криптографиялық қорғауға қойылатын техникалық талаптарды қолдануды қамтамасыз етуге, сондай-ақ көрсетілген талаптардың сақталуы үшін, оның ішінде Серіктестің осы талаптарды сақтамауы салдарынан MyCar-ға салынған айыппұл санкциялары үшін жауапкершілікті қоса алғанда, толық жауапкершілікте болуға. Сатып алушылар мен Клиенттердің дербес деректерін тек ынтымақтастық шеңберінде және осы Шарт бойынша, Серіктес Сатып алушымен/Клиентпен жасасқан өзге де шарт бойынша өз міндеттерін орындау мақсаттарында пайдалануға;
- 4.2.13. Сатып алушылар мен Клиенттерден олардың дербес деректерін жинауға, өңдеуге және беруге, оның ішінде мұндай Пайдаланушылардың дербес деректерін MyCar-ға беруге «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келісімді дербес алуға. Дербес деректерді өңдеу кезінде олардың құпиялылығы мен қауіпсіздігі туралы талапты қамтамасыз етуге, сондай-ақ көрсетілген талаптардың сақталуы үшін жауапкершілікте болуға. Сатып алушылар мен Клиенттердің дербес деректерін тек ынтымақтастық шеңберінде және осы Шарт бойынша, Серіктес Сатып алушымен/Клиентпен жасасқан өзге де шарт бойынша өз міндеттерін орындау мақсаттарында пайдалануға;
- 4.2.14. Шартқа қол қою арқылы Серіктес MyCar-ға өзінің логотиптерін, тауар белгілерін, брендтерінің атауын Сайтта, Мобильді қосымшада, сондай-ақ MyCar-дың жарнамалық материалдарында орналастыруға келісім береді;
- 4.2.15. Осы Шарт шеңберінде пайдаланылатын өзінің бағдарламалық қамтамасыз етуінің және жабдығының тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;
- 4.2.16. Деректерді беру арналарының тиісті қауіпсіздік деңгейін және деректерді беру арналарының қажетті өткізу қабілетін қамтамасыз етуге;
- 4.2.17. «brm online» бағдарламалық өнімін 7.18.0.1353-тен төмен емес нұсқада Серіктес қызметкерлерінің санына тең мөлшерде пайдалануға арналған лицензияларға ие болуға;
- 4.2.18. mycar.pro, DMS бағдарламалық өнімдерін немесе MyCar-мен алдын ала келісілген, автомобильдер қорын алуға мүмкіндік беретін өзге де бағдарламалық қамтамасыз етуді, MyCredit-ті Серіктес қызметкерлерінің санына тең мөлшерде пайдалануға арналған лицензияларға ие болуға;

4.2.19. Серіктес осы Шартты орындау және Сатып алушылардың/Клиенттердің дербес деректерін өңдеу мақсаттарында пайдаланатын барлық бағдарламалық қамтамасыз ету (осы Шарттың 1-бөлімінде көрсетілген Серіктестің БҚ-сын қоса, бірақ онымен шектелмей) заңды негізде, құқық иеленушілердің құқықтарын сақтай отырып пайдаланылатынына және Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасының талаптарына, оның ішінде ақпаратты криптографиялық қорғауға қойылатын техникалық талаптарға сәйкес келетініне кепілдік беруге;

4.2.20. Шартта және оған Қосымшаларда көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға.

4.2.21. Серіктес мыналарға кепілдік береді:

- ол Шартта көзделген міндеттемелерді орындауға, сондай-ақ Тауарларды сатуға барлық қажетті өкілеттіктерге ие;
- сатылатын Тауарлар қауіпсіз, Тауарлардың сапасы ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген нормалар мен талаптарға сәйкес келеді;
- Серіктес Сервистерді пайдалана отырып сататын Тауарлар үшінші тұлғалардың кез келген ауыртпалығынан бос (тыйым салынбаған, кепілде тұрмаған және т.б.);
- Тауарларды сату не Сервистерді пайдалану шеңберінде өзге де мәмілелер жасау процесінде Серіктес ҚР заңнамасына сәйкес әрекет ететін болады;
- Тауарларды сатуға, олардың сапасына, Тауарды қайтару/айырбастау талаптарына және т.б. байланысты Сатып алушылардың/Клиенттердің және өзге де Пайдаланушылардың барлық ықтимал наразылықтарын дербес реттейді.

4.2.22. Серіктес MyCar-дан тиісті талап алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Серіктестің Тауарларды сатуға өкілеттіктерін растайтын лицензиялардың, рұқсаттардың, өзге де рұқсат беру құжаттарының көшірмелерін беруге міндеттенеді (егер Серіктестің қызметі лицензияланатын болса).

4.2.23. Шартта және оған Қосымшаларда көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға.

4.3. MyCar құқылы:

4.3.1. Шартқа, Пайдаланушы келісіміне және Құпиялылық саясатына біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге. Шарттың жаңа редакциясы ол күшіне енген күні Сайтта/Мобильді қосымшада жарияланады. MyCar Шартқа/Қосымшаларға Серіктес келіспейтін қандай да бір өзгерістер енгізген жағдайда, соңғысы Шарттың 9-бөлімінде белгіленген талаптарда Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы. Шарттың/Пайдаланушы келісімінің/Құпиялылық саясатының жаңа редакциясы жарияланғаннан кейін Сервистерді пайдалануды жалғастыру Серіктестің енгізілген өзгерістерге келісімін растайды;

4.3.2. Сайттың/Мобильді қосымшаның жұмысына өзгерістер енгізуге, оның ішінде бар функционалды қосуға/өзгертуге, жаңартуларды жүзеге асыруға, кейіннен енгізілген өзгерістер туралы Серіктесті хабардар ете отырып.

4.4. MyCar міндеттенеді:

4.4.1. Куәландырушы орталықпен, сондай-ақ Пайдаланушыларды биометриялық сәйкестендіру қызметтерін көрсететін Лицензиардың серіктестерімен, Төлем ұйымының бағдарламалық-аппараттық кешенімен, CRM AM, mусar.pro, DMS, MyCredit-пен интеграциялық өзара іс-қимылды жүзеге асыруға және оның Шарттың қолданылу кезеңінде тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

4.4.2. Сайттың және Мобильді қосымшаның, сондай-ақ Серіктеске Сервистерді ұсыну мақсатында пайдаланылатын өз жабдығының тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

4.4.3. Серіктестің Сервиспен/Сайтпен/Мобильді қосымшамен жұмысы кезінде туындаған ақаулықтарды ақылға қонымды мерзімде жоюға.

4.4.4. Деректерді беру арналарының тиісті қауіпсіздік деңгейін және деректерді беру арналарының қажетті өткізу қабілетін қамтамасыз етуге;

4.4.5. Серіктеске Жедел желі қызметтерін жұмыс күндері Алматы қаласының уақыты бойынша сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін көрсетуге;

4.4.6. Сайтта/Мобильді қосымшада Серіктес туралы ақпаратты: логотипін, тауар белгісін, ұсынылатын брендтерін орналастыруға.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАРЫ

- 5.1. Ұсынылатын Лицензиялардың әрқайсысының құны Шартқа №2 қосымшада көрсетілген (лицензиялық сыйақы) және тіркелген құн түрінде де, тиісті Сервисті пайдалана отырып Серіктес есептік кезеңде жасаған мәмілелер көлеміне пайыздық қатынаста да көрсетілуі мүмкін.
- 5.2. MyCar лицензиялық сыйақысының сомасына Серіктес таңдаған Сервистерді пайдалануға арналған Лицензиялардың құны, интеграциялық жұмыстардың құны, сондай-ақ Серіктеске көрсетілетін Жедел желі қызметтерінің құны кіреді.
- 5.3. MyCar лицензиялық сыйақысы Серіктес таңдаған Лицензиялардың көлемі негізінде ай сайын есептеледі.
- 5.4. Төлем үшін есептік кезең болып бір күнтізбелік ай есептеледі. Есептік кезеңнің басы болып айдың бірінші күнтізбелік күні танылады.
- 5.5. MyCar есептік кезең аяқталған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Серіктеске тиісті есептік кезең үшін орындалған жұмыстар туралы Актіні береді.
- 5.6. Серіктес орындалған жұмыстар туралы Актіні алған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде орындалған жұмыстар туралы Актінің қол қойылған данасын MyCar-ға қол қойып қайтаруға не сол мерзімде оған қол қоюдан дәлелді бас тартуды беруге міндеттенеді.
- 5.7. Төлемді Серіктес тиісті орындалған жұмыстар туралы Актіге қол қойылған сәттен бастап 10 (он) банк күні ішінде қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жолымен жүргізеді.
- 5.8. MyCar ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде Серіктеске электрондық шот-фактураларды береді.
- 5.9. Тараптар тоқсан сайын өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруді жүргізеді және өзара есеп айырысулар туралы Актілерге есепті кезеңнен (есепті тоқсанның соңғы айынан) кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей қол қояды.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 6.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар осы Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.
- 6.2. Серіктес төлем жөніндегі міндеттемелерін орындауды кешіктірген жағдайда, MyCar талап етуге құқылы, ал Серіктес мұндай жағдайда кешіктірілген әр күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ берешек сомасының 10%-ынан аспайтын тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді.
- 6.3. Серіктес Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін тиісінше орындамауы салдарынан MyCar-ға зиян келтірілген жағдайда, Серіктес MyCar-дың жазбаша талабы бойынша MyCar шеккен залалдарды өтеуге міндеттенеді.
- 6.4. Серіктес Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамауы/тиісінше орындамауы жағдайында Сатып алушыларға, Клиенттерге, басқа Серіктестерге зиян келтірілген жағдайда, Серіктес келтірілген зиянды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.
- 6.5. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу салдарынан және екінші Тараптың кінәсінен туындаған, бір Тарапқа қатысты Сатып алушылар, Клиенттер, MyCar-дың өзге де серіктестері, үшінші тұлғалар, мемлекеттік және бақылаушы органдар қойған айыппұл санкциялары (оның ішінде дербес деректер және оларды қорғау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзуға байланысты, оның ішінде дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімдердің тиісінше емес мазмұнына немесе дербес деректерді қорғау талаптарын сақтамауға байланысты салынған айыппұлдарды қоса, бірақ онымен шектелмей) кінәлі Тарап мұндай бұзушылық бойынша дербес жауапкершілікке тартылған-тартылмағанына қарамастан, адал Тараптан тиісті хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кінәлі Тараппен толық көлемде өтеледі.
- 6.6. Тұрақсыздық айыптарын (өсімпұл, айыппұл) төлеу Тараптарды Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындаудан босатпайды.
- 6.7. Осы Шартта көзделмеген Тараптардың жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес қолданылады.

- 6.8. MyCar-дың жауапкершілігі, сот тәртібімен белгіленген, зиян келтірудегі MyCar кінәсі болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 350-бабына сәйкес құжаттамалық түрде расталған нақты зиянмен шектеледі. Бұл ретте дәлелдеу ауыртпалығын Серіктес көтереді.
- 6.9. MyCar Сервистерді, оның ішінде Сайтта және (немесе) Мобильді қосымшада қамтылған ақпаратқа қолжетімділікті кез келген түрдегі кепілдіктерсіз «қалай бар, солай» ұсынады.

6.10. MyCar мыналар үшін жауапкершілікте болмайды:

- Серіктестің құрылғысынан үшінші тұлғалардың Сервистерді, Сайт пен Мобильді қосымшаны пайдалануы үшін, осыған байланысты Серіктестің құрылғысынан (Серіктес қызметкерлерінің) жасалған барлық әрекеттер Серіктестің әрекеттері болып есептеледі;
- Сайттың/Мобильді қосымшаның жылдамдығы мен үздіксіз жұмысы, олардың Серіктес құрылғыларының бағдарламалық қамтамасыз етуімен және операциялық жүйелерімен үйлесімділігі үшін;
- шпиондық, хакерлік, вирустық шабуылдар, байланыс арналарының үзілуі және магистральдық байланыс арналары, деректер алмасу орталықтары, есептеу орталықтары деңгейінде серверлік инфрақұрылымның істен шығуы, сондай-ақ өңірлік және жергілікті маңызы бар байланыс желілері жағдайында Сайттың/Мобильді қосымшаның жұмысында ақаулар туындағаны үшін, телекоммуникациялық және/немесе энергетикалық желілердегі ақаулар, сондай-ақ Сайтқа/Мобильді қосымшаға санкцияланбаған қол жеткізуге және/немесе оны істен шығаруға бағытталған үшінші тұлғалардың жосықсыз әрекеттері салдарынан өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін;
- Серіктес құрылғысының тиісінше жұмыс істеуі үшін;
- Серіктестің Сайттағы/Мобильді қосымшадағы әрекеттері және Серіктестің Сайтты/Мобильді қосымшаны пайдалану салдары үшін.

Серіктес Сайтты және (немесе) Мобильді қосымшаны тек өз тәуекеліне пайдаланатынымен келіседі және оны растайды.

- 6.11. Егер Серіктестің құрылғысы Сайттың және (немесе) Мобильді қосымшаның бейнеленуін және (немесе) жұмысын, Сайттың және (немесе) Мобильді қосымшаның қандай да бір Сервистерін жүктеуді, бейнелеуді қолдамайтын болса, MyCar тиісті ресурстарға қолжетімділік беруге және оларды пайдалану/толыққанды пайдалану мүмкіндігіне кепілдік бермейді.
- 6.12. MyCar MyCar-ға байланысты емес себептер бойынша, оның ішінде үшінші тұлғалардың кінәсінен, сондай-ақ еңсерілмейтін күш жағдайларынан туындаған, Серіктестің төлемдерін қабылдау мен аударуды қамтамасыз ететін төлем жүйелерінің дұрыс жұмыс істемеуі және/немесе уақытша жұмысқа қабілетсіздігі үшін жауапкершілікте болмайды.
- 6.13. MyCar Шарттың және Пайдаланушы келісімінің талаптарын бұзғаны үшін, егер мұндай бұзушылық еңсерілмейтін күш жағдайларының (форс-мажор) әрекетінен туындаса, жауапкершілікте болмайды, олардың қатарында: Сервистердің жұмысына, MyCar міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін мемлекеттік билік органдарының әрекеттері мен шешімдері, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, басқа да табиғи әрекеттер, электр энергиясының болмауы және/немесе компьютерлік желі жұмысындағы ақаулар, ереуілдер, азаматтық толқулар, тәртіпсіздіктер, MyCar-дың осы Шарттың және Пайдаланушы келісімінің талаптарын орындауына әсер етуі мүмкін кез келген өзге де жағдайлар.
- 6.14. MyCar өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл Серіктестің әрекеттерінен/әрекетсіздігінен, оның ішінде Серіктестің қате әрекеттер жасауы салдарынан туындаса, жауапкершілікте болмайды.
- 6.15. Кез келген үшінші тұлғалардың әрекеттері, сондай-ақ төлем жүйелерінің, байланыс операторларының әрекеттері MyCar-дың әрекеттері болып табылмайды және олар үшін MyCar жауапкершілікте болмайды.
- 6.16. MyCar Мобильді қосымшаны, оған сілтемелерді MyCar санкцияламаған (расталмаған) кез келген көздерде орналастырғаны үшін (контрафактілік қосымша) жауапкершілікте болмайды. Серіктес контрафактілік қосымшаны пайдаланған жағдайда, MyCar мұндай пайдалануға байланысты оның алдында қандай да бір жауапкершілікте болмайды.
- 6.17. Қосымша ұсынған құжаттарға ЭЦҚ-мен (бұлттық ЭЦҚ-мен) қол қою, Клиентті/Сатып алушыны биометриялық сәйкестендіру мүмкіндіктерін жүзеге асыра отырып, Серіктес Клиентті/Сатып

алушыны биометриялық сәйкестендіру мен құжаттарға ЭЦҚ/бұлттық ЭЦҚ арқылы қол қою Лицензиардың серіктестеріне тиесілі бөгде сервистермен жүзеге асырылатынын түсінеді және қабылдайды, әрі осы бағдарламалық қамтамасыз ету жұмысындағы Клиентті/Сатып алушыны тиісінше емес биометриялық сәйкестендіруге әкелуі мүмкін ықтимал ақаулар мен қателердің тәуекелдерін, сондай-ақ тиісті сервистерді пайдалану кезінде Клиенттердің/Сатып алушылардың немесе үшінші тұлғалардың ықтимал алаяқтық тәуекелін, оның ішінде мұндай алаяқтық әрекеттердің (әрекетсіздіктің) салдарын, жеке басын куәландыратын жалған құжаттарды, жалған деректерді пайдалану жағдайларын қоса, бірақ онымен шектелмей, өзіне қабылдайды.

- 6.18. MyCar Клиентті биометриялық сәйкестендіру қателігіне әкелген Куәландырушы орталықтың және Пайдаланушыларды биометриялық сәйкестендіру қызметтерін көрсететін Лицензиар серіктестерінің бағдарламалық қамтамасыз етуінің жұмысындағы қателер және/немесе ақаулар үшін, сондай-ақ көрсетілген Серіктестердің міндеттемелерді жосықсыз орындауы үшін, сондай-ақ Серіктеске, Клиенттерге/Сатып алушыларға және/немесе үшінші тұлғаларға зиян келтірілген Клиенттердің/Сатып алушылардың және/немесе үшінші тұлғалардың кез келген жосықсыз әрекеттері үшін жауапкершілікте болмайды.
- 6.19. Сайттың және (немесе) Мобильді қосымшаның Сервистерін пайдалану процесінде туындаған қателер немесе ақаулар туралы Пайдаланушы MyCar қолдау қызметіне 2525 телефоны бойынша немесе support@mycar.kz мекенжайына хабарлауға құқылы.
- 6.20. MyCar Серіктестің Пайдаланушы келісімінің және/немесе Шарттың өзекті нұсқасынан хабардар болмауына байланысты ықтимал залалдары үшін жауапкершілікте болмайды.
- 6.21. MyCar Сатып алушылар/Клиенттер мен Серіктес арасында туындайтын даулар мен келіспеушіліктер бойынша, егер мұндай даулар мен келіспеушіліктер MyCar-дың өз міндеттемелерін бұзуынан туындамаса, жауапкершілікте болмайды.

7. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

Тараптар Шартқа №1 қосымшада белгіленген құпиялылық талаптарын сақтауға міндеттенеді.

8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

- 8.1. Тараптар осы Шартты іске асыру процесінде туындайтын дауларды және келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен шешуге бар күш-жігерін салады.
- 8.2. Келіссөздер жүргізу мүмкін болмаған не дауларды, қайшылықтар мен келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар ҚР заңнамасының нормаларына сәйкес талап қоюшының орналасқан жері бойынша (шарттық соттылық) сот тәртібімен шешіледі.
- 8.3. Клиент/Пайдаланушы Тауарды ұсынуға байланысты жеткізуші/қызмет көрсетуші ретінде әрекет ететін Серіктеске наразылықпен жүгінген жағдайда, Серіктес мұндай наразылықтарды жедел реттеу үшін бар күш-жігерін салуға міндеттенеді.
- 8.4. Осы Шарттың 8.3-тармағында көрсетілген наразылықтарды MyCar-ды тартпай реттеу мүмкін болмаған жағдайда, Серіктес наразылық келіп түскен күннен кейінгі бір күнтізбелік күннен кешіктірмей MyCar-ға дау мәнін, дау тараптарын, наразылық сомасын және даудың өзге де елеулі талаптарын сипаттай отырып тиісті хат, даудың мәні туралы құжаттарды жолдау арқылы мұндай наразылықтар туралы хабарлауға міндеттенеді, ал MyCar мұндай наразылықтарды жедел реттеу үшін бар күш-жігерін салуға міндеттенеді.
- 8.5. Клиенттердің/Пайдаланушылардың наразылықтарын мүмкіндігінше тезірек реттеу үшін Тараптар бір-бірімен, оның ішінде негізді түрде қажетті ақпаратты жедел беру арқылы белсенді ынтымақтасуға міндеттенеді.
- 8.6. Тараптар арасында туындаған келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен сотта қаралуға жатады.

9. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ БҰЗУ ШАРТТАРЫ

- 9.1. Шарт Тараптардың уәкілетті өкілдері оған қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және мерзімсіз әрекет етеді.
- 9.2. Шарт Тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

9.3. Шартты Тараптардың кез келгені мынадай негіздер бойынша біржақты тәртіппен тоқтата алады (Шарттан біржақты бас тарту):

9.3.1. MyCar бастамасы бойынша:

- 1) Серіктес Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін бірнеше рет (екі және одан көп рет) бұзған жағдайда.
- 2) Серіктес жіберген бұзушылықтарды жоюдың кешіктірілуі 10 (он) күнтізбелік күннен асқан жағдайда.
- 3) Серіктес мемлекеттік органдардың қандай да бір талабын орындамаған жағдайда немесе Серіктеске қатысты MyCar немесе Сатып алушылар/Клиенттер үшін елеулі теріс әсер етуі мүмкін сот талқылауы жүргізілген жағдайда.
- 4) өзге де мән-жайлар бойынша.

9.3.2. Серіктес бастамасы бойынша:

- 1) MyCar ҚР заңнамасының кез келген ережелерін елеулі түрде бұзады деген тұжырым негізінде немесе оған байланысты сот немесе салық органдары заңды рәсімдерді қозғаған жағдайда.
- 2) ҚР заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша.

9.4. Шарттан бас тартуға бастамашы Тарап екінші Тарапқа Шарттың қолданылуы тоқтатылатын болжамды күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын электрондық пошта арқылы жазбаша хабарлама жолдайды.

9.5. Шарт мерзімінің аяқталуы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған Тарапты оларды толық көлемде орындаудан босатпайды.

10. ФОРС-МАЖОР

10.1. Тараптардың ешқайсысы Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер мұндай орындамау немесе тиісінше орындамау Тарап алдын ала болжай да, ақылға қонымды шаралармен болдырмай да алмаған еңсерілмейтін күш жағдайларынан (форс-мажор) туындаса, жауапкершілікте болмайды.

10.2. Еңсерілмейтін күш жағдайларына Тараптар мыналарды жатқызады, бірақ онымен шектелмейді: су тасқыны, өрт, боран, дауыл, торнадо, соғыстар, көтерілістер, бүліктер, революциялар, тәртіпсіздіктер, толқулар, национализациялау, мемлекеттік мұқтаждар үшін алып қою, нормативтік құқықтық немесе орындауға міндетті өзге де актілерді шығару, ұшу аппараттарының, оның ішінде спутниктердің, зымыран тасығыштардың, отын бактарының және олардың сынықтарының құлауы, метеориттердің құлауы, шар тәрізді найзағай, ереуілдер, стачкалар және өзге де осындай оқиғалар, кәсіптік одақтардың шешімдері. Тараптардың, олардың уәкілетті тұлғаларының, қызметкерлерінің, агенттерінің, сондай-ақ үлестес тұлғаларының салғырттығынан немесе кінәсінен туындаған кез келген әрекеттер еңсерілмейтін күш жағдайлары болып табылмайды.

10.3. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда, олардың әсеріне ұшыраған Тарап бұл туралы екінші Тарапты 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде мән-жайлардың басталу күнін нақтылайтын және сипаттайтын жазбаша хабарламаны тапсыру не поштамен жіберу арқылы, немесе Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайларының бірінен факсимильдік байланыс не электрондық пошта арқылы хабарлама жіберу арқылы дереу хабардар етеді. Егер еңсерілмейтін күш жағдайлары мұндай хабарламаны жіберуге кедергі келтірсе, ол еңсерілмейтін күш жағдайларының әсері аяқталған күннен кейінгі жұмыс күні жіберілуге тиіс.

10.4. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайларының әрекет ету мерзіміне ұзартылады және олар тоқтаған күннен бастап қайта басталады. Тиісінше, осымен Тараптар Тараптар арасында қосымша келісімсіз еңсерілмейтін күш жағдайлары Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін тоқтатпайтынын, тек оларды орындау мерзімдерін ұзартатынын және еңсерілмейтін күш жағдайларының әсері аяқталғаннан кейін Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді онда баяндалған талаптарға сәйкес орындауды жалғастыратынын растайды.

10.5. Еңсерілмейтін күш жағдайларының бар екенінің дәлелі болып ҚР тиісті құзыретті органы берген куәлік қызмет етеді. Егер еңсерілмейтін күш жағдайларының бар екені жалпыға белгілі болса, Тараптар олардың әсерін дәлелдеу міндетінен босатылады.

10.6. Еңсерілмейтін күш жағдайлары 30 (отыз) немесе одан көп күнтізбелік күн бойы үздіксіз әрекет еткен жағдайда, Тараптардың кез келгені еңсерілмейтін күш жағдайларының әрекет ету басталу күніне қарай Шарт бойынша нақты орындалғаны үшін өзара есеп айырысуларды міндетті түрде алдын ала жүргізе отырып, бірақ екінші Тараптың ықтимал залалдарын өтеу міндеттемелерінсіз, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Еңсерілмейтін күш жағдайларының әсері кезінде Тараптар мүмкіндігінше құпия ақпараттың жария болуына кедергі келтіреді. Егер жария болу бәрібір орын алса, Тарап бұл факт туралы екінші Тарапқа мүмкіндігінше қысқа мерзімде хабарлауға тиіс, керісінше жағдайда құпия ақпараттың жария болғаны туралы хабарламаған Тарап еңсерілмейтін күш жағдайларының әсерін ескермей жауапкершілікте болады.

10.7. Тараптар бұл жағдайда өзара есеп айырысуларды жүргізу және өзге де мәселелерді реттеу үшін комиссия құрады.

11. ӨЗГЕ ДЕ ШАРТТАР

11.1. Шартта көзделмеген ынтымақтастық талаптары осы Шартта көзделген тәртіппен, ҚР заңнамасының нормаларымен ресімделген Қосымша қосымшалармен реттеледі. Тараптар Қосымша қосымша(лар)ды ресімдегеннен кейін ол (олар) Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

11.2. Әрбір Тарап осы Шартты орындау мақсаттарынан өзге мақсаттар үшін екінші Тарапқа тиесілі немесе лицензияланған, немесе екінші Тарап пайдаланатын тауар белгісін (қызмет көрсету белгісін), логотипті немесе кез келген басқа белгілерді (жиынтық түрде «Сауда маркасы/маркалары» атауы) екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбауға келіседі және екінші Тарапқа алдын ала жазбаша мақұлдау үшін мұндай Сауда маркасы пайдаланылуға тиіс қандай да бір материалдарды береді. Бұдан басқа, Тараптар жарнамалық материалдарда көрсетілген үшінші тұлғалардың сауда маркаларын пайдалануға осы үшінші тұлғалардың алдын ала жазбаша келісімін алу үшін жауапкершілікте болады.

11.3. Шарт орыс тілінде жасалған.

12. MYCAR ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Атауы: «MyCar Group» ЖШС

БСН: 191140031171

Заңды мекенжайы: 050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Розыбакиев к-сі, 263

Банктік деректемелері:

IBAN KZ706018771000735551

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Алматы қ.

Директоры:

Тұржанов Ерікқали Серікұлы

№1 қосымша

Пайдалануға арналған Қосылу шартына «mysar.kz» мобильді қосымшасын және <https://mysar.kz> сайты

ҚҰПИЯ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАМАУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Құпия ақпаратты жарияламау туралы осы Келісім (бұдан әрі – «осы Келісім») «mysar.kz» мобильді қосымшасын және <https://mysar.kz> сайты пайдалануға арналған Қосылу шартының (бұдан әрі – «Шарт») ажырамас бөлігі болып табылады.

Тараптардың кез келгені мәнмәтінге байланысты Ашушы немесе Алушы тарап болып табылады.

1. Осы Келісім шеңберінде мынадай терминология қабылданады:

Құпия ақпарат – Ашушы тараптың үшінші тұлғаларға белгісіз болуына байланысты нақты немесе әлеуетті коммерциялық құндылығы бар, Ашушы тарап Алушы тарапқа жазбаша түрде, құжаттарды беру арқылы, оның ішінде электрондық түрде берген кез келген ақпараты, ол бизнеске не қаржылық жоспарлар мен стратегияларға қатысты, оның ішінде шектеусіз: нарықтар туралы ақпарат, қаржылық құжаттар, қаржылық есептілік және есеп (заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда), шарттық қатынастар, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасын белгілеу және маркетингі, техникалық ақпарат, коммерциялық құпиялар, ноу-хау, зерттеулер, өндірістік жоспарлар, тұжырымдамалар, зияткерлік қызмет объектілері (оның ішінде ашылымдар, өнертабыстар, рационализаторлық ұсыныстар, пайдалы модельдер, конструкциялар, қандай да бір себептермен патенттелмеген өнеркәсіптік үлгілер, ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар, деректер базасы, қандай да бір себептермен тіркелмеген тауар белгілерінің эскиздері), Ашушы Тарап Алушы Тарапқа беретін құжаттарда қамтылған кез келген ақпаратты қоса.

Ашушы тарап үшінші тұлғаларға шектеусіз ұсынған не Алушы тараптың кінәсінен емес өзге тәсілмен жалпыға қолжетімді болған (бірақ оны жария етуден ерте емес) жалпыға белгілі болған ақпарат, оған қатысты мұндай ақпаратты Алушы тарап оны Ашушы тарап ұсынған сәтке қарай иеленгенін не мұндай ақпарат құпиялылықты сақтау жөніндегі ешбір міндеттемесіз ұсынылғанын Алушы тарап дәлелдей алатын ақпарат Құпия ақпаратқа жатпайды.

Сондай-ақ, оған қатысты Алушы тарап оны Құпия ақпаратқа жүгінбей жасағанын дәлелдей алатын, сондай-ақ Ашушы Тарап жария етуге жазбаша түрде мақұлдаған ақпарат Құпияға жатпайды.

Құпия ақпаратты жария ету – Алушы тараптың, сол сияқты ол тартқан үшінші тұлғалардың, нәтижесінде Құпия ақпарат кез келген мүмкін нысанда (ауызша, жазбаша, өзге нысанда, оның ішінде техникалық құралдарды пайдалана отырып) Ашушы тараптың келісімінсіз, не осы Келісімге, Шартқа немесе Тараптар арасында жасалған өзге шарттарға қарамастан үшінші тұлғаларға белгілі болатын әрекеті немесе әрекетсіздігі.

2. Ашушы Тарап Алушы Тарапқа Құпия ақпаратты беруге, сондай-ақ алынатын Құпия ақпаратқа қатысты құпиялылық режимін сақтауға келіскендіктен, осымен Тараптар осы Келісім шеңберінде Алушы Тарап мынадай міндеттемелерді өзіне қабылдайтынымен келісті:

- Осы Келісім шеңберінде алынған Құпия ақпаратты қорғау бойынша ақылға қонымды жеткілікті шараларды қабылдауға, оны ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес қорғау режимін қамтамасыз етуге (бұл ретте Алушы Тарап алынған Құпия ақпаратты қорғау шараларын өзінің меншікті Құпия ақпаратын қорғау үшін жүзеге асыратыннан кем емес көлемде жүзеге асыруға міндеттенеді).
- Ашушы Тараптан алынған Құпия ақпаратты (немесе оның кез келген бөлігін) Ашушы Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз қаржыландыру мәселесін шешуден өзге, өз мүддесінде пайдаланбауға.
- Ашушы Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз Құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға толық немесе ішінара, оның ішінде Алушы Тарапты қайта ұйымдастыру немесе тарату жағдайында да жария етпеуге.
- Ашушы тараптың жазбаша келісімімен жүргізілетін бірлескен жұмыстар мен іске асырылатын жобалар туралы Құпия ақпаратты, оның ішінде идеологиялық және техникалық шешімдерді, іске асыру жоспарлары мен мерзімдерін үшінші тұлғаларға – өз серіктестеріне (клиенттеріне) берген жағдайда, Алушы тарап осы үшінші тұлғалардың осы Келісімде белгіленген

құпиялылық талаптарын орындауын қамтамасыз етуге және мұндай үшінші тұлғалардың Құпия ақпаратты жария етуі үшін жауапкершілікте болуға міндетті.

- Қызметтерді Алушы Тарап дербес көрсетпеген жағдайда, соңғысы Алушы тарап тартқан үшінші тұлғалар қызмет көрсету шеңберінде алған Құпия ақпаратты қорғау бойынша барлық ақылға қонымды жеткілікті шараларды қабылдауға міндетті. Бұл ретте Алушы Тарап Алушы тарап алдында ол тартқан үшінші тұлғалардың әрекеттері және/немесе әрекетсіздіктері (Құпия ақпаратты жария етуді қоса) үшін өз әрекеттеріндей жауапкершілікте болады.
- 3. Осы Келісім шеңберінде Құпия ақпаратты қорғау бойынша ақылға қонымды жеткілікті шаралар деп үшінші тұлғалардың Алушы Тараптың келісімінсіз Құпия ақпаратқа қол жеткізуін болдырмайтын, сондай-ақ Құпия ақпаратты оның құпиялылық режимін бұзбай пайдалану және беру мүмкіндігін қамтамасыз ететін шаралар түсініледі.
- 4. Алушы Тарап Алушы Тарап белгілеген, берілген Құпия ақпаратты қорғау режимінің жай-күйін бақылауды жүргізуге құқылы. Бұл ретте Алушы тарап бақылауды Алушы тараптың ішкі нормативтік құжаттарында көзделген шектеулерді (үй-жайларға кіруге, қызметтік құжаттамаға) ескере отырып жүзеге асырады.
- 5. Осы Келісім шеңберінде байқаушы кеңестің мүшелері, тексеру комиссиясы, акционерлер/қатысушылар, сондай-ақ Алушы Тараптың өз еңбек міндеттерін орындау үшін өз құзыреті шеңберінде Құпия ақпарат алатын қызметкерлері (бұдан әрі «Өкілдер») үшінші тұлғаларға жатпайды. Алушы Тарап Құпия ақпаратқа қол жеткізетін өз Өкілдеріне осы Келісімнің бар екені туралы ақпаратты жеткізуге, сондай-ақ олардың Құпия ақпаратты қорғау мен жарияламау талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Алушы Тараптың Өкілдері Құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға жария еткен жағдайда, олардың әрекеттері үшін жауапкершілікті Алушы Тарап көтереді.
- 6. Осы Келісімнің талаптарына сәйкес Алушы Тарап Алушы Тарап, оның Өкілдері жіберген не Алушы Тарапқа белгілі болған Құпия ақпаратты жария ету немесе жария ету қаупі, заңсыз алу немесе заңсыз пайдалану фактісі туралы Алушы Тарапқа дереу хабарлауға міндеттенеді.
- 7. Шартқа немесе Келісімге сәйкес Құпия ақпаратты беру Алушы тараптың беру фактісін және тиісінше мұндай ақпаратты Алушы тараптың алу фактісін дәйекті түрде белгілеуге мүмкіндік беретін жазбаша хабарламалармен алмасуды көздейтін кез келген тәсілмен жүзеге асырылады. Алушы тараптың талабы бойынша Алушы тарап Алушы тараптан мұндай талапты алған сәттен бастап 3 (үш) банк күні ішінде берілген құпия құжаттаманы Алушы тарапқа қайтаруға міндетті.
- 8. Егер Алушы Тарап немесе оның Өкілдері ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес қандай да бір Құпия ақпаратты толық көлемде немесе оның қандай да бір бөлігін Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына, не халықаралық актілер шеңберінде – шетелдік уәкілетті қызметтерге де ашуға міндетті болса, Алушы Тарап Алушы Тарапты негізінде Құпия ақпарат ұсынылған осындай органдардың тиісті сұрауымен таныстыруға міндетті.
- 9. Құпия ақпаратты жария ету қаупі туындаған жағдайда, сондай-ақ жария ету (осы Келісімнің, Шарттың талаптарын бұза отырып Құпия ақпаратты ашу) жағдайында, Алушы тарап бұл туралы Алушы тарапқа дереу хабарлауға, Құпия ақпаратты жария етуді (ашуды) болдырмау үшін Алушы тарап талап ететін жеткілікті жәрдемді оған қамтамасыз етуге міндеттенеді.
- 10. Дұрыс емес түсіндіруді болдырмау үшін осы Келісімнің ешбір ережесі Алушы Тараптың Құпия ақпарат құрамына енгізілген ақпараттың дәлдігіне, дұрыстығына немесе толықтығына қатысты міндеттемелерін немесе кепілдіктерін білдірмейді. Алушы Тарап Алушы Тараптың немесе оған осы Келісімнің талаптарына сәйкес берілуі мүмкін өзге тұлғалардың Құпия ақпаратты пайдалану нәтижелері үшін жауапкершілікте болмайды.
- 11. Осы Келісім Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі, орындалуға және түсіндірілуге жатады.
- 12. Осы Келісім және оның кез келген ережесі Тараптардың жазбаша келісімі арқылы өзгертілуі, толықтырылуы немесе тоқтатылуы мүмкін. Осы Келісімге барлық түзетулер, толықтырулар, өзгерістер мен қосымшалар, егер олар жазбаша нысанда жасалып, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойса, жарамды және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.
- 13. Алушы Тарап осы Келісім бойынша Өкілдердің жауапкершілігіне қатысты өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Алушы Тарап Алушы Тараптан мұндай бұзушылыққа байланысты шеккен

залалдарды толық көлемде және ықтимал жіберіп алған пайданы ескере отырып өтеуді талап етуге құқылы.

14. Осымен Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Келісімнен туындайтын өз құқықтары мен міндеттерін қандай да бір өзге тәсілмен басқаға бермеуге және өткізбеуге міндеттенеді.
15. Дұрыс емес түсіндіруді болдырмау үшін осы Келісімнің ешбір ережесі Ашушы Тараптың қандай да бір Құпия ақпаратты ашу міндеттемесін, не қандай да бір мәмілелер жасау міндеттемесін білдірмейді.
16. Егер осы Келісімнің қандай да бір ережесі жарамсыз деп танылса, мұндай жарамсыздық осы Келісімнің және Шарттың қалған ережелерінің әрекетіне, не бүкіл Шартқа тұтастай таралмайды.
17. Осы Келісім оған қол қойылған күнінен бастап заңды күшіне енеді және Шарттың қолданылуы аяқталған сәттен бастап 5 (бес) жыл бойы әрекет етеді.

№2 қосымша
Пайдалануға арналған Қосылу шартына
«mysar.kz» мобильді қосымшасын және <https://mysar.kz> сайтын

ТАРИФТІК ЖОСПАР

№ р/с	Сервистің атауы	1 Лицензияның құны
1	«Гараж» Сервисін пайдалану	Тіркелген бөлігі: айына ҚҚС-мен 195 000 теңге; Өзгермелі бөлігі: қол қойылған құжаттардың көлемі негізінде ай сайын есептеледі, бұл ретте бір құжатқа қол қоюдың құны ҚҚС-мен 550 теңгені құрайды.
2	«Сатуды цифрландыру» Сервисін пайдалану	айына ҚҚС-мен 5 000 теңге.
3	«Адалдық» Сервисін пайдалану	айына ҚҚС-мен 100 000 теңге.
4	«Жаңа авто маркетплейсі» Сервисін пайдалану	айына ҚҚС-мен 10 000 теңге.

№3 қосымша
Пайдалануға арналған Қосылу шартына
«mycar.kz» мобильді қосымшасын және <https://mycar.kz> сайтын

«ГАРАЖ» СЕРВИСІН ҰСЫНУ ШАРТТАРЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Серіктеске «Гараж» Сервисін (осы Қосымшаның мәтіні бойынша бұдан әрі – «Сервис») ұсыну шеңберінде MyCar Серіктеске Сервисті пайдалануға арналған Лицензия беруге, осы Қосымшаның 1.2-тармағында көрсетілген, Клиенттердің автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу және/немесе жуу қызметтерін (бұдан әрі – «Сервистік қызметтер») қайта сатуға ықпал ететін жұмыстарды орындауға және қызметтер (бұдан әрі – «Қызметтер») көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Сервисті пайдалануға арналған айрықша емес лицензияны және көрсетілген Қызметтерді Шарттың және осы Қосымшаның талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.
- 1.2. Қосымша шеңберінде MyCar мынадай Қызметтерді көрсетеді:
 - 1.2.1. Клиенттер/Сатып алушылар және Клиенттерге/Сатып алушыларға көрсетілген Сервистік қызметтер туралы мәліметтер қамтылған Серіктестің БҚ-сымен Сайттың/Мобильді қосымшаның интеграциясын және интеграциялық өзара іс-қимылын жүзеге асырады.
 - 1.2.2. Серіктестің жарнамалық және цифрлық хабарламаларын Клиенттерге/Сатып алушыларға таратуды жүзеге асырады.
 - 1.2.3. Серіктестің қызметкері Серіктестің Жеке кабинетінде Клиент туралы ақпаратты жүктегеннен кейін Клиенттер үшін Пайдаланушының Жеке кабинеттерін құрады.
- 1.3. «Гараж» Сервисін пайдалануға арналған Лицензия Серіктеске Шарттың қолданылу мерзіміне тең мерзімге беріледі және Сервистің функционалын пайдалану мүмкіндігін береді:
 - 1.3.1. Клиенттерге/Сатып алушыларға Сервистік және өзге де қызметтерді алу тарихы туралы ақпаратты оларды көрсетудің бүкіл кезеңі үшін ұсыну;
 - 1.3.2. Клиенттерден/Сатып алушылардан Сервистік қызметтерді ұсыну туралы онлайн-өтінімдер алу;
 - 1.3.3. Серіктестің БҚ-сын және Мобильді қосымшаның функционалын пайдалана отырып, Клиенттерге/Сатып алушыларға Сервистік қызметтер көрсетуге тапсырыс-нарядтарды электрондық нысанда қалыптастыру және жолдау;
 - 1.3.4. Мобильді қосымша/Сайт арқылы Төлем ұйымымен өзара іс-қимыл жасау: Сайтты/Мобильді қосымшаны пайдалана отырып, Клиентке/Сатып алушыға және Төлем ұйымына төлеуге шоттарды, жүкқұжаттарды, орындалған жұмыстар туралы актілерді жолдау;
 - 1.3.5. Серіктестің дилерлік орталығында «офлайн» режимде Серіктеске жүгінген Клиенттерге Сервистік қызметтерді ресімдеу процесін цифрландыру;
 - 1.3.6. Сайттың/Мобильді қосымшаның функционалдық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, Клиенттерге/Сатып алушыларға цифрлық және/немесе жарнамалық сипаттағы хабарламалар жолдау;
 - 1.3.7. Сайтты/Мобильді қосымшаны пайдалана отырып, ФДО-ға құжаттар жолдау (опциялық).
- 1.4. Лицензия (Лицензиялар) MyCar Қосымшаның 2-бөлімінде сипатталған интеграцияны орындауды аяқтағаннан кейін Шартта белгіленген тәртіппен беріледі.

2. МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫ СЕРІКТЕСТІҢ БҚ-СЫМЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕРДІ БЕРУ ТӘРТІБІ

- 2.1. MyCar Серіктестің БҚ-сына қашықтан қол жеткізу арқылы Сайттың/Мобильді қосымшаның Серіктестің БҚ-сымен өзара іс-қимыл алгоритмінің интеграциясы мен баптауын қамтамасыз етеді.
- 2.2. Мобильді қосымшаның Серіктестің БҚ-сымен интеграциялық өзара іс-қимылы мыналарды қамтиды:
 - 2.2.1. MyCar-ға Клиенттер туралы ақпарат қамтылған Серіктестің БҚ-сына қол жеткізуді беру, оның ішінде Клиенттің Т.А.Ә. және оның байланыс деректері, Клиенттерге Сервистік және өзге де

қызметтерді көрсету тарихы, Сервистік қызметтердің құны және Сервистің тиісінше жұмыс істеуі үшін қажетті өзге де ақпарат;

- 2.2.2. Серіктестің БҚ-сы мен Мобильді қосымша/Сайт арасында Клиент/Сатып алушы және Сервистік қызметтер туралы деректерді, оларды көрсету тарихын қоса алғанда, автоматты түрде алмасуды жүзеге асыру;
- 2.2.3. Қосымшаның 1.3-тармағында көрсетілген құқықтарды іске асыруға мүмкіндік беретін Сатып алушылар/Клиенттер үшін Пайдаланушылардың Жеке кабинеттерін пысықтау;
- 2.2.4. опциялық түрде (Серіктестің сұрауы бойынша) MyCar Клиент/Сатып алушы Тауар ақысын төлеген кезде чектерді фискализациялауды және оларды ФДО серверіне автоматты түрде беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Бағдарламалық фискализатордағы Серіктестің жеке кабинетімен Мобильді қосымшаны/Сайтты интеграциялауды жүзеге асыруы мүмкін.
- 2.3. Серіктес Серіктестің БҚ-сының Мобильді қосымшамен тиісінше интеграциялық өзара іс-қимылы үшін қажетті функционалдылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өз БҚ-сының тиісті баптауларын дербес жүзеге асыруға міндеттенеді.
- 2.4. Серіктестің БҚ-сының интеграциялық баптаулары Мобильді қосымша тарапынан тиісті сұрау алынған сәттен бастап 5 (бес) минут ішінде Серіктестің БҚ-сынан деректерді MyCar серверіне (Мобильді қосымшаға), Төлем ұйымының бағдарламалық-аппараттық кешеніне (және тиісті интеграция іске асырылған кезде Бағдарламалық фискализаторға) беруді көздеуге тиіс.
- 2.5. Мобильді қосымшаның интеграциялық баптаулары Серіктестен алынған деректерді MyCar серверінен тиісті Клиентке оларды алған сәттен бастап 5 (бес) минут ішінде беруді көздеуге тиіс.
- 2.6. Серіктестің БҚ-сы мен Мобильді қосымшаның тиісінше интеграциялық өзара іс-қимылын қолдау мақсатында Тараптардың әрқайсысы осы Қосымша шеңберінде пайдаланылатын өз жабдығы мен бағдарламалық қамтамасыз етуінің үздіксіз жұмыс істеуін және жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.
- 2.7. Осы Қосымша шеңберінде пайдаланылатын жабдықтың және/немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің бұзылуы, жұмысындағы ақаулар туындаған жағдайда, мұндай жабдықтың және/немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің иесі болып табылатын Тарап туындаған бұзылуларды мүмкіндігінше қысқа мерзімде жоюға және жабдықтың және/немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіруге міндеттенеді.
- 2.8. Серіктес Шарт және оған осы Қосымша шеңберінде MyCar-ға берілетін немесе берілуі мүмкін Клиенттердің дербес деректерін алуға, сақтауға, өңдеуге және беруге Клиенттерден жазбаша келісімді дербес алуға және қажет болған жағдайда MyCar-ға тиісті құжаттардың көшірмелерін беруге міндеттенеді.
- 2.9. Тараптардың әрқайсысы Клиенттердің дербес деректерін алуды, сақтауды, өңдеуді және беруді «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңына және оған сәйкес қабылданатын нормативтік құқықтық актілерге қатаң сәйкестікте жүзеге асыруға міндеттенеді. Осы Шарттың мақсаттары үшін Серіктес өзі тікелей алған Клиенттердің дербес деректерінің операторы ретінде әрекет етеді, ал MyCar – егер өңдеудің нақты мән-жайларынан өзгеше тікелей туындамаса, интеграциялық өзара іс-қимыл шеңберінде Серіктес оған берген дербес деректерге қатысты үшінші тұлға ретінде әрекет етеді.

Осы Шарт шеңберінде өңделетін шектеулі қолжетімділіктегі дербес деректерді сақтау, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, тек Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан серверлерде және (немесе) деректерді өңдеу орталықтарында ғана жүзеге асырылады.

Әрбір Тарап екінші Тарап тиісті сұрау жолдаған жағдайда, осындай Тарап дербес өңдейтін деректер бөлігінде дербес деректер және оларды қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген дербес деректерді өңдеудің басталғаны (тоқтатылғаны) туралы уәкілетті органды хабардар ету міндетінің орындалуын растайтын құжаттарды беруге міндетті.

3. КЛИЕНТТЕРДІҢ СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУҒА ОНЛАЙН-ӨТІНІМДЕРІН ӨНДЕУ ТӘРТІБІ

- 3.1. MyCar Клиенттерге Сайтта/Мобильді қосымшада өтінімнің тиісті нысанын орналастыру арқылы Сервистік қызметтерді алуға «онлайн» режимде өтінім жолдау мүмкіндігін беруге міндеттенеді.
- 3.2. MyCar Клиенттің/Пайдаланушының онлайн-өтінімін өңдеудің мынадай алгоритмін баптауға және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндеттенеді:

- 3.2.1. Клиент/Пайдаланушы өтінім нысанын толтырғаннан кейін осы онлайн-өтінім автоматты түрде CRM АМ-ге/Серіктестің (Серіктес қызметкерінің) электрондық поштасына жолданады.
- 3.2.2. Серіктестің қызметкері онлайн-өтінім алынған сәттен бастап 30 (отыз) минут ішінде Клиентке/Пайдаланушыға қоңырау шалуға, Клиентке/Пайдаланушыға тиісті кеңес беруге және Клиентпен/Пайдаланушымен Сервистік қызметтерді көрсету талаптарын келісуге міндеттенеді.
- 3.3. Серіктес (Серіктестің қызметкері) Қосымшаның 3.2.2-тармағының ережелерін орындауды кешіктірген жағдайда, Серіктес осыған байланысты Клиенттің наразылықтарын дербес реттеуге міндеттенеді.
- 3.4. Шарттың 3.2.2-тармағының ережелерін орындауды әрқайсысы 30 (отыз) минуттан асатын бірнеше рет кешіктірген жағдайда, MyCar Серіктестің хабарламаларын тарату жөніндегі қызметтерді көрсетуден бас тартуға құқылы, ал Серіктес MyCar-ға мұндай бұзушылықтармен келтірілген зиянды өтеуге міндеттенеді.

4. КЛИЕНТТЕРДІҢ ОНЛАЙН-ӨТІНІМДЕРІ НЕГІЗІНДЕ КӨРСЕТІЛЕТІН СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУДЫ РЕСІМДЕУ ТӘРТІБІ

- 4.1. MyCar Клиенттің/Пайдаланушының Серіктестің қызметкерімен өзара іс-қимылының мынадай алгоритмін баптауға және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндеттенеді:
 - 4.1.1. Клиенттің/Пайдаланушының автомобилін Сервистік қызметтерді көрсету үшін қабылдау кезінде Серіктестің қызметкері 1С-те Клиенттің/Пайдаланушының мобильді нөмірін негізгі ретінде көрсетеді, содан кейін Клиентке/Пайдаланушыға бірегей ID беріледі, ал Клиенттің/Пайдаланушының нөміріне төрт таңбалы растау коды, сондай-ақ Серіктестің қызметкері қалыптастырған Сервистік қызметтерге тапсырыс-наряд жіберіледі.
 - 4.1.2. Клиент/Пайдаланушы Сервистік қызметтерге тапсырыс-нарядта көрсетілген Сервистік қызметтерді көрсету талаптарымен келіскен кезде, Клиент төрт таңбалы растау кодын Серіктестің қызметкеріне хабарлайды, бұл Клиенттің/Пайдаланушының Серіктестің Сервистік қызметтер көрсетуге ұсынысын акцептеуі болып табылады.
 - 4.1.3. Төрт таңбалы растау кодын алғаннан кейін Серіктестің қызметкері Серіктестің 1С-інде төлеуге шот қалыптастырады және оны Клиенттің/Пайдаланушының Жеке кабинетіне жолдайды.
 - 4.1.4. Клиент/Пайдаланушы төлемді жасағаннан кейін Серіктес Сервистік қызметтерді көрсетуге кіріседі.
 - 4.1.5. Сервистік қызметтерді көрсету аяқталғаннан кейін Серіктес 1С-те орындалған жұмыстар туралы актіні қалыптастырады, оған қол қояды және Клиентке/Пайдаланушыға оның Жеке кабинетіне қол қоюға жолдайды.
 - 4.1.6. Орындалған жұмыстар туралы актіге Клиент/Пайдаланушы Куәландырушы орталықтың сервисі арқылы қол қояды. Қол қойылған орындалған жұмыстар туралы акт Пайдаланушының жеке кабинетінде сақталатын болады.
- 4.2. Қосымша түрде MyCar Серіктеске Серіктес Клиенттен дилерлік орталықта алған Сервистік қызметтерді алуға өтінімді «онлайн» режимге ауыстыру мүмкіндігін береді, кейіннен Клиентке осы бөлімде белгіленген алгоритмді пайдалана отырып, Мобильді қосымшада «онлайн» режимде Сервистік қызметтерді көрсету мәртебесін қадағалау, оларды қабылдау және төлеу мүмкіндігін бере отырып.

5. САЙТТЫ/МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

- 5.1. Сервистік қызметтерді Сайтты/Мобильді қосымшаны пайдалана отырып төлеу мүмкіндігін іске асыру үшін Серіктес Төлем ұйымымен төлем қызметтерін көрсетуге шарт жасасуға және осы Қосымшаның қолданылу кезеңінде осы шарттың талаптарын тиісінше орындауға міндеттенеді.
- 5.2. Сервистік қызметтерді Сайтты/Мобильді қосымшаны пайдалана отырып төлеу MyCar іске асырған Сайттың/Мобильді қосымшаның Төлем ұйымының бағдарламалық-аппараттық кешенімен интеграциясын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.
- 5.3. Серіктестің Төлем ұйымымен және Клиентпен/Сатып алушымен өзара іс-қимылы Серіктестің Жеке кабинетінің функционалын пайдалана отырып жүзеге асырылады. Төлемді жүзеге асыру үшін қажетті барлық деректерді, сондай-ақ Серіктестің төлем құжаттарын (төлеуге шоттар,

жүккүжат, орындалған жұмыстар туралы актілер) Серіктестің қызметкері Серіктестің БҚ-сына жүктейді және автоматты түрде Сатып алушыға/Клиентке, Төлем ұйымына жолданады.

- 5.4. MyCar Сайтты/Мобильді қосымшаны Серіктестің қызметкері Жеке кабинетке жүктеген, төлемді жүзеге асыру үшін қажетті барлық деректер, сондай-ақ Серіктестің төлем құжаттары (төлеуге шоттар, жүккүжат, орындалған жұмыстар туралы актілер) 10 (он) минут ішінде Пайдаланушының Жеке кабинетіне және Төлем ұйымына (және тиісті интеграция жүзеге асырылған кезде Бағдарламалық фискализаторға) қайта бағытталатындай етіп баптауға міндеттенеді.

6. КЛИЕНТТЕРГЕ СЕРІКТЕСТІҢ ХАБАРЛАМАЛАРЫН ЖОЛДАУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Осы Қосымша шеңберінде Клиенттерге/Сатып алушыларға цифрлық немесе жарнамалық сипаттағы хабарламалар жолдануы мүмкін.
- 6.2. Хабарламалар Мобильді қосымшадағы push-хабарламалар, SMS-таратулар, e-mail-таратулар не мессенджерлердегі хабарламаларды тарату арқылы жолданады.
- 6.3. Серіктес Сатып алушылардан/Клиенттерден хабарламалар алуға келісімді дербес алуға және қажет болған жағдайда MyCar-ға тиісті құжаттардың көшірмелерін беруге міндеттенеді.
- 6.4. Хабарламаларды тарату Серіктес MyCar электрондық поштасына: info@mycar.kz жолдаған өтінімдер негізінде MyCar-мен жүзеге асырылады.
- 6.5. Хабарламаларды таратуға өтінім хабарлама мәтінін, тарату тәсілін, хабарламаларды тарату күнін, тарату кезеңділігін қамтуға тиіс, қажет болған жағдайда Серіктес жекелеген тарату түрлері үшін алушылардың тізімін де айқындай алады.
- 6.6. Хабарлама мәтіні ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларына, оның ішінде «Жарнама туралы» ҚР Заңына, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңына сәйкес келуге тиіс.

Хабарлама мәтіні мынадай ақпаратты қамтымауға тиіс:

- қолданыстағы заңнаманы бұзуға шақыру, оның ішінде ҚР конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік немесе діни араздықты қоздыруға, терроризм актісін жасауға, ҚР президентінің абыройы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға және оның қызметіне кедергі келтіруге бағытталған әрекеттер жасауға шақыру және т.б.;
- былапыт сөздер, қорлаулар және/немесе қауіп-қатерлер, оның ішінде билік органдарын қорлау;
- қатыгездік пен зорлық-зомбылық культін насихаттайтын туындылар, порнографиялық материалдар;
- көрінеу жалған мәліметтер;
- басқа Пайдаланушылардың, үшінші тұлғалардың абыройы мен/немесе қадір-қасиетін жамандайтын, қорлайтын, кемсітетін, қауіп-қатер қамтылған;
- үшінші тұлғаларға зиян келтіру мақсатындағы;
- азаматтардың жеке өмірге және қоғамдық тәртіпке құқығын бұзатын;
- адамдарды нәсілдік, этникалық, жыныстық, діни белгілері, әлеуметтік мәртебесі, жыныстық бағдары немесе өзге де белгілері бойынша кемсітуді насихаттайтын;
- конституциялық құрылысты өзгертуге, соғыс ашуға, діни, нәсілдік немесе ұлтаралық араздыққа ықпал ететін және/немесе шақыратын экстремистік материалдарды қамтитын, дұшпандықты қоздыру әрекеттерін немесе зорлық-зомбылыққа шақыруларды қамтитын;
- порнографиялық материалдарды немесе адамгершілікті қорлайтын өзге де материалдарды қамтитын;
- азаматтардың діни сезімдерін қорлайтын;
- «тапсырыстық» сипаттағы ақпарат, яғни біреудің Сайтты/Мобильді қосымшаны құру мақсаттарына сәйкес келмейтін мүддесінде жасалған ақпарат;
- үшінші тұлғалардың зияткерлік меншік туралы заңнамамен қорғалатын мәліметтерін (оның ішінде қандай да бір патентті, тауар белгісін, авторлық және/немесе сабақтас құқықтарды қозғайтын, бірақ онымен шектелмей) және мұндай ақпараттың құқық иеленушісінен тиісті құқықтар мен рұқсаттарсыз заңмен қорғалатын өзге де ақпаратты;
- мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына, халықаралық заңнамаға және осы Қосымшаға қайшы келетін басқа Интернет-ресурстарға сілтемелер;

- спам, «бақыт хаттары», интернет-табыс жүйелері, «пирамида», көп деңгейлі маркетинг, e-mail-бизнес схемалары;
- Сайттың, ол көрсететін қызметтердің тақырыбы мен мақсаттарына және/немесе оның бөлімдерінің тақырыбына жатпайтын ақпарат, оның ішінде хабарландыруларда сатылатын Тауардың сипаттамаларын сипаттауға тікелей байланысты емес ақпаратты, оның ішінде қандай да бір үшінші тұлғаларға қатысты, сондай-ақ әзіл-оспақ, келеке, арандату, жеке, насихаттық сипаттағы ақпаратты орналастырмау және т.б.;
- заңнамаға сәйкес келмейтін немесе заңнамамен және/немесе осы Қосымшамен орналастыруға/таратуға тыйым салынған өзге де ақпарат;

6.7. Тарату тәсіліне байланысты хабарламалар мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс:

- SMS-хабарламалар: бір хабарламада 160 таңбаға дейін.
- push-хабарламалар: бір хабарламада 90 таңбаға дейін, сілтемелер, суреттер жіберуге рұқсат етіледі.
- e-mail-хабарламалар: бір хабарламада 200 таңбаға дейін, сілтемелер, суреттер, файлдар жіберуге рұқсат етіледі.
- мессенджерлерде тарату үшін хабарламалар: бір хабарламада 90 таңбаға дейін, сілтемелер, суреттер жіберуге рұқсат етіледі.

6.8. Хабарламалардың осы бөлімнің ережелеріне сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, MyCar хабарламаларды таратудан бас тартуға немесе таратуды тоқтата тұруға\тоқтатуға құқылы, мұндай жағдайда Серіктес анықталған ақауларды/сәйкессіздіктерді жоюға міндеттенеді.

6.9. Серіктес хабарламалардың мазмұны үшін, сондай-ақ осы Қосымшаның 6.3-тармағын бұзғаны үшін дербес жауапкершілікте болады және MyCar алған Клиенттердің, Сатып алушылардың, уәкілетті органдардың/ұйымдардың немесе үшінші тұлғалардың кез келген наразылықтарын өз күшімен және өз есебінен реттеуге міндеттенеді.

6.10. MyCar хабарламалардың мазмұны, Серіктестің осы Қосымшаның 6.3-тармағының ережелерін бұзуы салдарынан оларды таратудың құқыққа сыйымсыздығы үшін жауапкершілікте болмайды.

6.11. MyCar өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау байланыс операторларының, провайдерлердің не өзге де үшінші тұлғалардың әрекеттері/әрекетсіздігі салдарынан болса, өз міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болмайды.

№4 қосымша

Пайдалануға арналған Қосылу шартына «mycar.kz» мобильді қосымшасын және <https://mycar.kz> сайтын «САТУДЫ ЦИФРЛАНДЫРУ» СЕРВИСІН ҰСЫНУ ШАРТТАРЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Серіктеске «Сатуды цифрландыру» Сервисін (бұдан әрі – «Сервис») ұсыну шеңберінде MyCar Серіктеске Сервисті пайдалануға арналған, Серіктеске Тауарларды сатып алу-сату шарттарын жасасу және оларды «онлайн» режимде төлеу мүмкіндігін беретін Лицензия беруге міндеттенеді.
- 1.2. Осы Қосымша шеңберінде Серіктеске қандай да бір интеграциялық жұмыстарды орындаусыз мынадай құқықтар мен техникалық мүмкіндіктер беріледі:
 - 1.2.1. Серіктес Серіктестің Жеке кабинетінде ақпаратты, сондай-ақ Клиент Пайдаланушының Жеке кабинетінде орналастырылған Сауалнамаға енгізген деректерді енгізген кезде Клиенттің деректерін Серіктестің сатып алу-сату шартының үлгісіне автоматты түрде көшіру.
 - 1.2.2. Серіктеске Мобильді қосымша/Сайт арқылы Төлем ұйымымен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін беру.
 - 1.2.3. Серіктес пен Клиентке Сайтты/Мобильді қосымшаны пайдалана отырып, Куәландырушы орталықтың сервисі арқылы сатып алу-сату шарттарына қол қою мүмкіндігін қамтамасыз ету.
 - 1.2.4. Серіктеске Сайтты/Мобильді қосымшаны пайдалана отырып, Клиентке және Төлем ұйымына төлеуге шоттар жолдау мүмкіндігін қамтамасыз ету.
 - 1.2.5. Клиент үшін Пайдаланушының Жеке кабинетін құру және оған Серіктеспен болжамды сатып алу-сату мәмілесі туралы мәліметтерді жүктеу.
 - 1.2.6. Клиентке Сайтты/Мобильді қосымшаны пайдалана отырып, Тауар ақысын төлеу мүмкіндігін қамтамасыз ету.
- 1.3. MyCar Мобильді қосымша мен Сайттың Серіктестің БҚ-сымен интеграциялық өзара іс-қимылын жүзеге асырмай Сервисті пайдалануға Лицензия беру жағдайында, Клиентке жолданатын және/немесе Клиенттің Жеке кабинетінде бейнеленетін барлық деректерді Серіктес қолмен енгізеді.
- 1.4. Бұл ретте MyCar Сайттың/Мобильді қосымшаның Куәландырушы орталықтың сервисімен және Төлем ұйымының бағдарламалық қамтамасыз етуімен интеграциясын жүзеге асыруға және интеграциялық өзара іс-қимылдың тиісті сапасын қамтамасыз етуге міндеттенеді.
- 1.5. Осы Қосымша шеңберінде іске асырылатын баптаулар деректерді Серіктестің Жеке кабинетінен тиісті Клиентке/Сатып алушыға/Төлем ұйымына Серіктес оларды енгізген сәттен бастап 5 (бес) минут ішінде беруді көздеуге тиіс.
- 1.6. Лицензия Шарттың 3.5-тармағында белгіленген тәртіппен беріледі.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. MyCar міндеттемелері

- 2.1.1. Серіктеске осы Қосымшаның 1-бөлімінде көзделген барлық құқықтарды іске асыруға мүмкіндік беретін Сайт пен Мобильді қосымшаны баптауды жүзеге асыру.
- 2.1.2. Серіктес ұсынған сатып алу-сату шарттарының үлгілерін Сайтқа/Мобильді қосымшаға уақтылы жүктеу.
- 2.1.3. Сайт пен Мобильді қосымшаның Куәландырушы орталықтың сервисімен және Төлем ұйымының бағдарламалық қамтамасыз етуімен интеграциясының жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету.
- 2.1.4. Серіктестің Сайтпен/Мобильді қосымшамен жұмысы кезінде туындаған ақаулықтарды ақылға қонымды мерзімде жою.

2.2. MyCar құқықтары

- 2.2.1. Серіктес ұсынған сатып алу-сату шартының үлгісінде ҚР заңнамасының нормаларын бұзатын ережелер болған жағдайда, сондай-ақ сатып алу-сату шартының үлгісі Куәландырушы орталықтың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда оны қабылдамау.

- 2.2.2. Серіктесті алдағы өзгерістер туралы кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын алдын ала хабардар ете отырып, Төлем ұйымын ауыстыруды жүзеге асыру немесе қосымша Төлем ұйымдарымен шарт жасасу.
- 2.2.3. Серіктесті алдын ала хабардар етпей, Сервистің сапасын нашарлатуға немесе Серіктестің құқықтарын шектеуге әкелмейтін өзгерістерді Сервистің жұмысына енгізу.
- 2.2.4. Серіктесті болжамды өзгерістерге дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын алдын ала хабардар ете отырып, оны пайдалану тәртібінің елеулі өзгерістеріне әкелетін өзгерістерді Сервистің жұмысына енгізу.

2.3. Серіктестің міндеттемелері

- 2.3.1. Шартқа қосылған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде MyCar-ға Куәландырушы орталық сервисінің талаптарына және ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес келетін Тауарларды сатып алу-сату шарттарының үлгілерін (бұдан әрі – «үлгілер») беру.
- 2.3.2. Бұрын берілген үлгілерге өзгерістер енгізу қажеттілігі туындаған жағдайда, жаңартылған үлгілерді MyCar-ға жаңартылған үлгілерді пайдалану сәтіне дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын беру.
- 2.3.3. Төлем ұйымымен төлем қызметтерін көрсетуге шарт жасасу және осы Қосымшаның қолданылу кезеңінде осы шарттың талаптарын тиісінше орындау.
- 2.3.4. ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде Клиенттерге төлеуге шоттарды Серіктестің Жеке кабинетінің тиісті бөлімінде жүктеу арқылы қалыптастыру және беру.
- 2.3.5. ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде Клиенттерге Тауарға жүкқұжаттарды (орындалған жұмыстар туралы актілерді) Серіктестің уәкілетті тұлғасының қолы қойылған, Серіктестің мөрімен расталған қағаз нысанда қалыптастыру және беру.

2.4. Серіктестің құқықтары

- 2.4.1. Қосымшаның 2.3.2-тармағының ережелерін сақтаған жағдайда үлгілерге өзгерістер енгізу.
- 2.4.2. MyCar Сайт пен Мобильді қосымшаның Серіктестің БҚ-сымен интеграциясын жүзеге асыруға өтінім беру. Бұл жағдайда Тараптар интеграцияны жүзеге асыру тәртібін реттейтін Қосымшаға қосымша келісімге қол қоятын болады.

3. ЖАУАПКЕРШІЛІК

- 3.1. MyCar Серіктес Қосымшаның 2.3.3-тармағының ережелерін орындамаған/тиісінше орындамаған жағдайда Серіктестің Сервисті пайдалану мүмкіндігінің болмауы үшін жауапкершілікте болмайды.
- 3.2. MyCar Серіктес Клиентке жолдайтын төлеуге шоттарды Клиенттің Жеке кабинетіне уақтылы жүктемегені үшін жауапкершілікте болады.
- 3.3. Серіктес Клиентке беруге арналған төлеуге шоттарды уақтылы ресімдеу мен жүктеу, Тауарға жүкқұжаттарды (орындалған жұмыстар туралы актіні) қалыптастыру, оларға қол қою мен Клиентке беру, олардың сапасы мен ресімделуінің дұрыстығы үшін жауапкершілікте болады.
- 3.4. Серіктес өзі Серіктестің Жеке кабинетінің тиісті бөліміне енгізетін және үлгіге енгізілуге жататын Клиент туралы, Тауар туралы, Тауар құны туралы және т.б. ақпараттың дұрыстығы үшін дербес жауапкершілікте болады.
- 3.5. Серіктес Клиентпен Тауарды сатып алу-сату шартын уақтылы жасасу және ол бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындау үшін дербес жауапкершілікте болады.
- 3.6. Серіктес Тауарды сатып алу-сату шартын жасасуға және орындауға байланысты Клиенттің барлық наразылықтарын дербес шешеді.

№5 қосымша
Пайдалануға арналған Қосылу шартына
«mycar.kz» мобильді қосымшасын және <https://mycar.kz> сайты
«АДАЛДЫҚ» СЕРВИСІН ҰСЫНУ ШАРТТАРЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Серіктеске «Адалдық» Сервисін (бұдан әрі – «Сервис») ұсыну шеңберінде MyCar Серіктеске Сервисті пайдалануға арналған, Серіктеске Пайдаланушының Жеке кабинетінде Серіктестің адалдық бағдарламасының бонустарын есептеу мен шығысқа жазу статистикасын көрсету мүмкіндігін беретін Лицензия беруге міндеттенеді.

2. ИНТЕГРАЦИЯ

2.1. MyCar мынадай интеграциялық жұмыстарды (бұдан әрі – «Жұмыстар») орындауға міндеттенеді:

- 2.1.1. Мобильді қосымша мен Сайттың Серіктестің ІС-імен интеграциялық өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.
- 2.1.2. Серіктестің БҚ-сы мен Мобильді қосымша/Сайт арасында Сатып алушы сатып алған Тауарлар, Сатып алушыға есептелген және Сатып алушыдан шығысқа жазылған бонустар туралы деректер алмасуды қамтамасыз етеді.

2.2. Жұмыстарды орындау шеңберінде Серіктес міндеттенеді:

- 2.2.1. Серіктес Шартқа қосылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде MyCar-ға Серіктестің ІС-іне API немесе өзге де қол жеткізу түрлерін беру.
- 2.2.2. Қосымшаның қолданылу кезеңінде Серіктестің ІС-інің тиісті жұмыс сапасын қамтамасыз ету.
- 2.2.3. Қажеттілік туындаған жағдайда MyCar-ға Жұмыстарды орындау және Сервистің тиісінше жұмыс істеуі үшін қажетті ақпаратты, құжаттарды және/немесе өзге де құралдарды беру.
- 2.2.4. Интеграцияны жүзеге асыруға жауапты қызметкерді айқындау және MyCar-ға оның деректерін беру: Т.А.Ә., лауазымы, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. MyCar міндеттемелері

- 3.1.1. Серіктес өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, Серіктес Шартқа қосылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Жұмыстарды орындау және Серіктеске осы Қосымшаның 1-бөлімінде көзделген құқықтарды іске асыруға мүмкіндік беретін Сайт пен Мобильді қосымшаны баптауды жүзеге асыру.
- 3.1.2. Серіктестің Сайтпен/Мобильді қосымшамен жұмысы кезінде туындаған ақаулықтарды ақылға қонымды мерзімде жою.
- 3.1.3. Деректерді беру арналарының тиісті қауіпсіздік деңгейін және деректерді беру арналарының қажетті өткізу қабілетін қамтамасыз ету.

3.2. MyCar құқықтары

- 3.2.1. Серіктесті алдын ала хабардар етпей, Сервистің сапасын нашарлатуға немесе Серіктестің құқықтарын шектеуге әкелмейтін өзгерістерді Сервистің жұмысына енгізу.
- 3.2.2. Серіктесті болжамды өзгерістерге дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын алдын ала хабардар ете отырып, оны пайдалану тәртібінің елеулі өзгерістеріне әкелетін өзгерістерді Сервистің жұмысына енгізу.

3.3. Серіктестің міндеттемелері

- 3.3.1. Өзінің адалдық бағдарламасының қағидаларын дербес әзірлеу және олармен Сатып алушыларды таныстыру.
- 3.3.2. MyCar-ға адалдық бағдарламасының қағидалары мен бонустарды есептеу/шығысқа жазу тетігі қамтылған құжатты беру.
- 3.3.3. Сатып алушы Тауарларды сатып алған (Тауарларды қайтарған) кезде бонустарды уактылы есептеуді/шығысқа жазуды жүзеге асыру.

3.3.4. Серіктестің адалдық бағдарламасының шарттары қолданылатын Тауарды сату (Тауарды қайтару) сәтінен бастап 10 (он) минут ішінде MyCar-ға есептелген/шығысқа жазылған бонустардың саны туралы ақпаратты беру.

3.3.5. Деректерді беру арналарының тиісті қауіпсіздік деңгейін және деректерді беру арналарының қажетті өткізу қабілетін қамтамасыз ету.

3.4. Серіктестің құқықтары

3.4.1. MyCar-ды алдын ала хабардар етіп және адалдық бағдарламасының жаңа қағидалары қамтылған құжатты бере отырып, адалдық бағдарламасының қағидаларына өзгерістер енгізу.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. MyCar Сатып алушының Жеке кабинетіне есептелген/шығысқа жазылған бонустар туралы ақпаратты уақтылы жүктемегені үшін жауапкершілікте болады.

4.2. Серіктес бонустарды уақтылы және дұрыс есепке алу үшін жауапкершілікте болады.

4.3. Серіктес Тауарды сатып алу-сату шартын жасасуға және орындауға байланысты Сатып алушының барлық наразылықтарын дербес шешеді.

4.4. Тараптардың бірі екінші Тарапқа немесе Сатып алушыға зиян келтірген жағдайда, бұзушылыққа жол берген Тарап құжаттамалық түрде расталған нақты зиянды толық көлемде дербес өтеуге міндеттенеді.

№6 қосымша

Пайдалануға арналған Қосылу шартына

«mycar.kz» мобильді қосымшасын және <https://mycar.kz> сайтын

«ЖАҢА АВТО МАРКЕТПЛЕЙСІ» СЕРВИСІН ҰСЫНУ ШАРТТАРЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Серіктеске «Жаңа авто маркетплейсі» Сервисін (осы Қосымшаның мәтіні бойынша бұдан әрі – «Сервис») ұсыну шеңберінде MyCar Серіктеске Сервисті пайдалануға арналған Лицензия беруге, Сайт пен Мобильді қосымшаның Серіктестің БҚ-сымен интеграциясын жүзеге асыруға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Сервисті пайдалануға арналған айрықша емес лицензияны қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Қосымшаның 1.1-тармағында көрсетілген интеграциялық жұмыстар аяқталғаннан кейін Серіктеске мынадай құқықтар мен техникалық мүмкіндіктер беріледі:

- 1.2.1. Деректерді Серіктестің DMS-інен Сайтқа/Мобильді қосымшаға, не MyCar-мен келісілген авто қорын сақтаудың өзге де жүйесінен автоматты түрде көшіру;
- 1.2.2. Сатып алушының Сайтта/Мобильді қосымшада толтырған сауалнамасынан деректерін Серіктестің сатып алу-сату шартының үлгісіне автоматты түрде көшіру.
- 1.2.3. Серіктес пен Сатып алушыға Сайтты/Мобильді қосымшаны пайдалана отырып, Куәландырушы орталықтың сервисі арқылы сатып алу-сату шарттарына қол қою мүмкіндігін қамтамасыз ету.
- 1.2.4. Серіктеске Мобильді қосымша/Сайт арқылы Төлем ұйымымен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін беру.
- 1.2.5. Серіктеске Сайтты/Мобильді қосымшаны пайдалана отырып, Сатып алушыға және Төлем ұйымына төлеуге шоттар жолдау мүмкіндігін қамтамасыз ету.
- 1.2.6. Сатып алушыға Сайтты/Мобильді қосымшаны пайдалана отырып, Тауар (жаңа автомобиль) ақысын төлеу мүмкіндігін қамтамасыз ету.
- 1.2.7. Серіктеспен қол қойылған сатып алу-сату шарттарын, сондай-ақ төлем құжаттарын Сатып алушының Жеке кабинетіне жүктеуді жүзеге асыру.
- 1.3. Бұл ретте MyCar Сайттың/Мобильді қосымшаның Куәландырушы орталықтың сервисімен және Төлем ұйымының бағдарламалық қамтамасыз етуімен интеграциясын жүзеге асыруға және интеграциялық өзара іс-қимылдың тиісті сапасын қамтамасыз етуге міндеттенеді.
- 1.4. Осы Қосымша шеңберінде іске асырылатын баптаулар деректерді Серіктестің Жеке кабинетінен тиісті Сатып алушыға/Төлем ұйымына Серіктес оларды енгізген сәттен бастап 5 (бес) минут ішінде беруді көздеуге тиіс.
- 1.5. Лицензия Шарттың 3.5-тармағында белгіленген тәртіппен, Шарттың қолданылу мерзіміне тең мерзімге беріледі және жоғарыда аталған Сервис функционалын пайдалану мүмкіндігін береді.

2. МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫ СЕРІКТЕСТІҢ БҚ-СЫМЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕРДІ БЕРУ ТӘРТІБІ

- 2.1. MyCar Серіктестің БҚ-сына қашықтан қол жеткізу арқылы Сайттың/Мобильді қосымшаның Серіктестің БҚ-сымен өзара іс-қимыл алгоритмінің интеграциясы мен баптауын қамтамасыз етеді.
- 2.2. Мобильді қосымшаның Серіктестің БҚ-сымен интеграциялық өзара іс-қимылы мыналарды қамтиды:
 - 2.2.1. MyCar-ға онлайн режимде сатуға жататын Тауарлар (жаңа автомобильдер) туралы ақпарат қамтылған Серіктестің БҚ-сына қол жеткізуді беру;
 - 2.2.2. Серіктес пен Сатып алушы арасында «онлайн» режимде сатып алу-сату мәмілесін тиісінше жасау үшін қажетті деректермен автоматты түрде алмасуды жүзеге асыру;
 - 2.2.3. Қосымшаның 1.3-тармағында көрсетілген құқықтарды іске асыруға мүмкіндік беретін Сатып алушылар/Клиенттер үшін Пайдаланушылардың Жеке кабинеттерін пысықтау;
 - 2.2.4. опциялық түрде (Серіктестің сұрауы бойынша) MyCar Клиент/Сатып алушы Тауар ақысын төлеген кезде чектерді фискализациялауды және оларды ФДО серверіне автоматты түрде беруді

жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Бағдарламалық фискализатордағы Серіктестің жеке кабинетімен Мобильді қосымшаны/Сайтты интеграциялауды жүзеге асыруы мүмкін.

Бұл ретте Серіктестің БҚ-сының интеграциялық баптаулары Мобильді қосымша тарапынан тиісті сұрау алынған сәттен бастап 5 (бес) минут ішінде Серіктестің БҚ-сынан деректерді MyCar серверіне (Мобильді қосымшаға), Төлем ұйымының бағдарламалық-аппараттық кешеніне (және тиісті интеграция іске асырылған кезде Бағдарламалық фискализаторға) беруді көздеуге тиіс.

2.3. Мобильді қосымшаның интеграциялық баптаулары Серіктестен алынған деректерді MyCar серверінен тиісті Клиентке оларды алған сәттен бастап 5 (бес) минут ішінде беруді көздеуге тиіс.

2.4. Серіктестің БҚ-сы мен Мобильді қосымшаның тиісінше интеграциялық өзара іс-қимылын қолдау мақсатында Тараптардың әрқайсысы осы Қосымша шеңберінде пайдаланылатын өз жабдығы мен бағдарламалық қамтамасыз етуінің үздіксіз жұмыс істеуін және жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2.5. Серіктес Серіктестің БҚ-сының Мобильді қосымшамен тиісінше интеграциялық өзара іс-қимылы үшін қажетті функционалдылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өз БҚ-сының тиісті баптауларын дербес жүзеге асыруға міндеттенеді.

2.6. Осы Қосымша шеңберінде пайдаланылатын жабдықтың және/немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің бұзылуы, жұмысындағы ақаулар туындаған жағдайда, мұндай жабдықтың және/немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің иесі болып табылатын Тарап туындаған бұзылуларды мүмкіндігінше қысқа мерзімде жоюға және оның жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіруге міндеттенеді.

2.7. Серіктес Шарт және оған осы Қосымша шеңберінде MyCar-ға берілетін немесе берілуі мүмкін Клиенттердің дербес деректерін алуға, сақтауға, өңдеуге және беруге Клиенттерден жазбаша келісімді дербес алуға және қажет болған жағдайда MyCar-ға тиісті құжаттардың көшірмелерін беруге міндеттенеді.

2.8. Тараптардың әрқайсысы Клиенттердің дербес деректерін алуды, сақтауды, өңдеуді және беруді «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңына қатаң сәйкестікте жүзеге асыруға міндеттенеді.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. MyCar міндеттемелері

3.1.1. Серіктеске осы Қосымшаның 1-бөлімінде көзделген барлық құқықтарды іске асыруға мүмкіндік беретін Сайт пен Мобильді қосымшаны баптауды жүзеге асыру.

3.1.2. Серіктестің БҚ-сының Сайтпен/Мобильді қосымшамен үздіксіз интеграциясын, оның ішінде Серіктестің DMS-імен интеграциясын іске асыру, ол автомобильдер туралы деректерді Серіктестің DMS-інен не MyCar-мен келісілген авто қорын сақтаудың өзге де жүйесінен Сайтқа/Мобильді қосымшаға көшіруге мүмкіндік береді;

3.1.3. Сайтта/Мобильді қосымшада Серіктестің DMS-інен алынған деректер негізінде қалыптастырылған Хабарландыруларды орналастыру.

3.1.4. Сатып алушыға Серіктесті таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін жаңа автомобильдерді «онлайн» режимде сататын Серіктестердің тізбесіне Серіктестің атауы мен орналасқан жерін қосу.

3.1.5. Серіктес ұсынған сатып алу-сату шарттарының үлгілерін Сайтқа/Мобильді қосымшаға уақтылы жүктеу.

3.1.6. Сайт пен Мобильді қосымшаның Куәландырушы орталықтың сервисімен және Төлем ұйымының бағдарламалық қамтамасыз етуімен интеграциясының жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету.

3.1.7. Серіктестің Сайтпен/Мобильді қосымшамен жұмысы кезінде туындаған ақаулықтарды ақылға қонымды мерзімде жою.

3.2. MyCar құқықтары

3.2.1. Серіктес ұсынған сатып алу-сату шартының үлгісінде ҚР заңнамасының нормаларын бұзатын ережелер болған жағдайда, сондай-ақ сатып алу-сату шартының үлгісі Куәландырушы орталық сервисінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда оны қабылдамау.

- 3.2.2. Серіктесті алдағы өзгерістер туралы кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын алдын ала хабардар ете отырып, Төлем ұйымын ауыстыруды жүзеге асыру немесе қосымша Төлем ұйымдарымен шарт жасасу.
- 3.2.3. Серіктесті алдын ала хабардар етпей, Сервистің сапасын нашарлатуға немесе Серіктестің құқықтарын шектеуге әкелмейтін өзгерістерді Сервистің жұмысына енгізу.
- 3.2.4. Серіктесті болжамды өзгерістерге дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын алдын ала хабардар ете отырып, оны пайдалану тәртібінің елеулі өзгерістеріне әкелетін өзгерістерді Сервистің жұмысына енгізу.

3.3. Серіктестің міндеттемелері

- 3.3.1. Шартқа қосылған/қосымша Өтініш жолданған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Сайтта/Мобильді қосымшада орналастыруға жататын Серіктестің атауы мен орналасқан жері туралы ақпаратты беру (берілуін қамтамасыз ету).
- 3.3.2. Шартқа қосылған/қосымша Өтініш жолданған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде MyCar-ға Куәландырушы орталық сервисінің талаптарына және ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес келетін Тауарларды сатып алу-сату шарттарының үлгілерін (бұдан әрі – «үлгілер») беру.
- 3.3.3. Бұрын берілген үлгілерге өзгерістер енгізу қажеттілігі туындаған жағдайда, жаңартылған үлгілерді MyCar-ға жаңартылған үлгілерді пайдалану сәтіне дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын беру.
- 3.3.4. Төлем ұйымымен төлем қызметтерін көрсетуге шарт жасасу және осы Қосымшаның қолданылу кезеңінде осы шарттың талаптарын тиісінше орындау.
- 3.3.5. DMS-те не MyCar-мен келісілген авто қорын сақтаудың өзге де жүйесінде Серіктестегі жаңа автомобильдер туралы, олардың жинақталуы, түстері, бағалары және Сайтта/Мобильді қосымшада бейнеленуге жататын өзге де сипаттамалары туралы ақпаратты уақтылы орналастыру. Осы ақпарат өзгерген жағдайда оны дереу өзектендіру. Өзекті ақпаратты орналастырмаған, оны орналастыру мерзімдерін сақтамаған жағдайда Серіктес Сатып алушылардың алдында ықтимал салдарлар үшін дербес жауапкершілікте болады және Сатып алушыдан келіп түскен барлық наразылықтарды MyCar-ды тартпай, дербес шешуге міндеттенеді.
- 3.3.6. ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде Сатып алушыларға төлеуге шоттарды Серіктестің Жеке кабинетінің тиісті бөлімінде жүктеу арқылы қалыптастыру және беру.
- 3.3.7. ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде Сатып алушыларға Тауарға жүкқұжаттарды Сайттың/Мобильді қосымшаның құралдары арқылы қалыптастыру және беру.

3.4. Серіктестің құқықтары

- 3.4.1. Қосымшаның 2.3.2-тармағының ережелерін сақтаған жағдайда үлгілерге өзгерістер енгізу.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

- 4.1. MyCar Серіктес Қосымшаның 2.3.3-тармағының ережелерін орындамаған/тиісінше орындамаған жағдайда Серіктестің Сервисті пайдалану мүмкіндігінің болмауы үшін жауапкершілікте болмайды.
- 4.2. MyCar Серіктес Сатып алушыға жолдайтын төлеуге шоттарды Сатып алушының Жеке кабинетіне уақтылы жүктемегені үшін жауапкершілікте болады.
- 4.3. Серіктес Сатып алушыға беруге арналған төлеуге шоттарды уақтылы ресімдеу мен жүктеу, Тауарға (жаңа автомобильге) жүкқұжаттарды қалыптастыру, оларға қол қою мен Сатып алушыға беру, олардың сапасы мен ресімделуінің дұрыстығы үшін жауапкершілікте болады.
- 4.4. Серіктес өзі Серіктестің Жеке кабинетінің тиісті бөліміне енгізетін және үлгіге енгізілуге жататын Серіктес туралы, Тауар туралы, Тауар құны/болуы/бағасы туралы және т.б. ақпараттың дұрыстығы үшін дербес жауапкершілікте болады.
- 4.5. Серіктес Сатып алушымен Тауарды сатып алу-сату шартын уақтылы жасасу және ол бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындау үшін дербес жауапкершілікте болады.
- 4.6. Серіктес Тауарды сатып алу-сату шартын жасасуға және орындауға байланысты Сатып алушының барлық наразылықтарын дербес шешеді.

№7 қосымша
Пайдалануға арналған Қосылу шартына
«mycar.kz» мобильді қосымшасын және <https://mycar.kz> сайты

ӨТІНІШ

«mycar.kz» мобильді қосымшасын және <https://mycar.kz> сайты пайдалану құқығын беру туралы

№__ редакция, «__» _____ ж.

ҚР АҚ-нің 389-бабына сәйкес Серіктес «MyCar Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне тиесілі, БСН: 191140031171, талаптарын «MyCar Group» ЖШС айқындаған және «MyCar Group» ЖШС-ның Интернет желісіндегі сайтында https://mycar.kz/accession_agreement.pdf мекенжайы бойынша жарияланған «mycar.kz» мобильді қосымшасын және <https://mycar.kz> сайты пайдалануға арналған Қосылу шартына (бұдан әрі – Шарт) қосылады.

Серіктес болып атауы, БСН-і, заңды мекенжайы және банктік деректемелері осы Өтініште көрсетілген заңды тұлға табылады.

Серіктес осы Шартқа қосылу туралы Өтініш (бұдан әрі – «Өтініш») Шарт талаптарының акцепті болып табылатынын мойындайды және растайды.

Серіктес Шарттың талаптарын қандай да бір алып тастаусыз және өзгеріссіз толық қабылдайды.

Серіктес Шартпен және оған қосымшалармен танысты және Шарттың барлық бөлімдерімен және осы Өтінішпен келісетінін растайды әрі оларды тиісінше орындауға міндеттенеді.

Шартқа қосылу мақсатында Серіктес MyCar-ға мынадай мәліметтерді ұсынады:

Өтініш берушінің (бұдан әрі – Серіктес) толық атауы, ұйымдық-құқықтық нысанын қоса:	
Серіктестің қысқартылған атауы (бар болса):	
Серіктестің БСН-і:	
Резиденттік белгісі:	
Серіктестің тіркеу (заңды) мекенжайы:	
Серіктестің нақты орналасқан жерінің мекенжайы (заңды мекенжаймен сәйкес келген жағдайда толтырылмайды):	
Серіктестің тіркелуін растайтын құжаттың деректері:	
Серіктестің экономика саласының коды (ЭҚЖЖ):	
Серіктестің банкі:	
Серіктес банкінің БСК-і:	
Серіктестің есеп айырысу шоты:	
Серіктестің MyCar-мен байланысатын жауапты тұлғасы:	
Т.А.Ә. және лауазымы:	
Байланыс телефоны:	
Электрондық пошта мекенжайы (e-mail):	

БЕРІЛЕТІН ҚҰҚЫҚТАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ КӨЛЕМІ

1. Серіктес мынадай Сервистерді пайдалануға Лицензиялар алу қажеттілігін айқындайды (белгі қою арқылы):

Сервистің атауы	Таңдау
«Гараж» Сервисін пайдалану	
«Сатуды цифрландыру» Сервисін пайдалану	
«Адалдық» Сервисін пайдалану	
«Жаңа авто маркетплейсі» Сервисін пайдалану	

2. Лицензиялар саны:

- «Гараж» Сервисін пайдалану –
- «Сатуды цифрландыру» Сервисін пайдалану –
- «Адалдық» Сервисін пайдалану –
- «Жаңа авто маркетплейсі» Сервисін пайдалану –

3. Пайдаланушы рөлдері.

Серіктестің қызметкерлеріне Сервиске қол жеткізуді беру үшін Пайдаланушы рөлдерін айқындау мақсатында Серіктес MyCar электрондық поштасына өз қызметкерлерінің Т.А.Ә., электрондық пошталарының, телефон нөмірлерінің тізбесін Пайдаланушы рөлін көрсете отырып ұсынады.

ҚОЛ ҚОЮ:

Серіктестің уәкілетті тұлғасының Т.А.Ә.:	
Серіктестің уәкілетті тұлғасының лауазымы:	
Серіктестің уәкілетті тұлғасының өкілеттіктерін куәландыратын құжат:	
Серіктестің уәкілетті тұлғасының қолы:	
Қол қою күні:	

мөр орны